

Журнал 2003 жылғы 28 қаңтардан шыға бастады



Жас өркен Қостанай



2 (87) наурыз-сәуір 2017 жыл

МЕНШІК ИЕСІ:

Ахмет Байтұрсынов
атындағы
Қостанай мемлекеттік
университеті.
Ректор Хұсаин ВАЛИЕВ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Төраға
Кенжеғали САҒАДИЕВ
Дикан ҚАМЗАБЕК
Хұсаин ВАЛИЕВ
Алмас ӘБСАДЫҚ
Гүлнар БЕРКЕНОВА

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор
Ақылбек ШАЯХМЕТ
8(705) 650-65-51
шығарушы редактор
Қымбат ДОСЖАНОВА
8(702) 514-14-03
менеджер-дизайнер
Айтолқын ҚАПАН

Журнал ҚР Мәдениет,
ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде
2002 жылы
18 қарашада тіркеліп,
№3386-Ж куәлігі берілген.
Екі айда бір рет шығады.
Редакцияға келіп түскен
хаттар әдеби өңделеді,
қысқартылады,
ойы сақталып түзетіледі.
Көлемі үш компьютерлік
беттен асқан материалдар
қабылданбайды.



Ұлы оң болсын!

«Наурыз – қазақша жыл басы. Бұрынғы кезде
һәр елде наурыз туғанда меурам қылып бас асып,
қазан – қазан көже істеп, ауылдан – ауылға, үйден –
үйге жүріп, кәрі – жас, қатын – қалаш бәрі де мәз
болып, көрісіп, араласып қалушы еді.

...Ескі жыл бітіп, жаңа жыл басталғанда: “Жаңа
жыл қайырлы болсын! Жаңа бақыт нәсіп бол –
сын!” деп құттықтасады, ол күнді меурам қылып
шаттықпен өткізеді».

Ахмет Байтұрсынұлы

Қайта оралған қазағымның «Бастаңғысы»



келтірмеуі көрерменге күтпеген жағдай еді. Жайдарманшылар да барын салып өнер көрсетті. Көрермен ұлттық нақыштағы шоуға қызу қолдау көрсетті. Осыншама тамашаның бәрі қоғамдық негізде өткенін айта кетейік. Соның бір жарқын дәлелі, көпшілікке таратылған "тойдан тобықтай" сыяпаттардың дені, шашу бастамашылардың қаражатына алынса, бауырсақты Маржан Сапарғалиева есімді жанашыр өз үйінен пісіріп әкелген. Облыстық мәдениет басқармасының басшысы, аз ғана уақытта көптеген іс тындырып үлгірген жігерлі азамат Ерлан Қалмақов ұжымды, облыс өнерпаздарын ілтипатпен қолдады. Ал сценарийін журналист, ақын Абылай Мауданов жазды. Бастамашыл топ «Бастаңғыны» тек Наурызға теліп қоймай, алдағы уақытта әр мерекеде өткізуді ойластырып отыр.

–Бастаңғының мақсаты – жас буынның талғамын

Ұлыстың ұлы күніне орай Қостанайда «Бастаңғы» сауық кеші өтті. Көңілді шараны ұйымдастыру туралы алғаш бастама көтерген Гүлден Молдахметова болатын.

Ата дәстүрді жаңғыртқан шара І.Омаров атындағы облыстық қазақ драма театрының жас артистері мен өнерге жанашыр жастардың күшімен өтті. Әзіл-қалжыңға құрылған көріністер көрерменді бірден баурап ала жөнелді. Өнерпаздар халқымыздың ұмытыла бастаған дәстүрлерін, рухани құндылықтарын еске салып отырды.

Мерекелік іс-шара театр сахнасында өтетін болғандықтан ұйымдастырушылар ойын-сауыққа қарай көбірек көңіл бөлген. Бас-аяғы он шақты нөмір жоспарланған болатын. Осы нөмірлерге би, ортекемен ойналған күй, дәстүрлі ән, қазақы қалжың, классикалық музыка, поэзия, ұлттық киімдердің сән үлгілері топтамасы, қазақ күресінің үздік тәсілдерін көрсету, эстрадалық ән, көрерменмен жұмыс және жайдарман кірді. Селт еткізер мен ұйқышар сыйлықтар таратылды.

Облысымызға, одан қалды республикаға есімдері белгілі қостанайлық өнерлі азаматтар сахнаға шығып, көрерменді ду-думанға бөледі. Біржан Жүзбай орындаған қалжың көрерменді күлкіге қарық қылса, Айбек Сыздықовтың ортекені күймен ойнатуы керемет әсер берді. Талгат Молдағалиев орындаған "Молдабайдың әні", жас әнші Гүлбақыт Жаңбырбаеваның "Бұлбұлы" залды дүр сілкіндірді. Қазіргі жастар поэзиясында орны бөлек ақын Жан-дос Жүсіпбековтің өлеңі де керемет әсерлі шықты. Гүлден Молдахметованың қолынан шыққан "Гүл-көктем" топтамасы ұлттық киімдеріміздің әсемдігі мен қазақ қызының сұлулығын паш еткені сөзсіз. Нұрболат Кадыровтың қол күресте қарсылас шақ



көтеріп, тәлім-тәрбие беретін, ұлттық өнерімізді кеңінен насихаттайтын рухани орталық құру еді. Идея бірден қолдау тапты. Бағдарлама жастарға арналғандықтан, оны өткізудің қызықты формасын табу қажет болды. Бірақ, қайда өткіземіз, қалай өткіземіз, кім орын береді, демеуші табыла ма? Ақылы негізде өткізсек халық түсінбей қалмай ма? Міне, осы сұрақтарға келгенде маңдайымыз тасқа тірелген-ді. Әйтсе де, ықыласпен іс қылған жерде алынбайтын асу жоқ екен. Ойласа келе жүгінгеніміз облыстық қазақ драма театры болды. Ұжым басшысы Амангелді Досжанов ағамыз бірден қолдады, әрі қарай ұжыммен тізе қосып жұмысқа кірістік. Өйткені, уақыт өте тығыз еді. Жас режиссер Дос Құбашпен кеңесе келе, Олжас Беғайдаров, Қуаныш Маратұлы, Ғабит бауырымыз басты рольдерге тандалды, -деді ұйымдастырушылардың бірі Абылай Мауданов.

Қ. Мұратбекқызы
Суреттерді түсірген Мешіт ҒАЗИЗ.

Наурыз – дулан, тамаша

Наурыз мейрамы – жер бетінде ежелгі мерекелердің бірі болып есептеледі. Наурыз табиғаттың жаңаратын шағы жаңа күн ретінде бес мыңдаған жылдар бойы тойланып келді.

Қазіргі таңда "Наурыз мейрамы" көктем, еңбек және бірліктің жалпыхалықтық мейрамына айналған. Наурыз мейрамын тойлау бүкіл республикалық сипатқа ие болды. Еліміздің 130-дан астам этнос өкілдері осы мейрамды бәрі бірге атап өтеді.

Ветеринария және мал шаруашылық технологиясы факультетінің оқытушылары және студенттерінің бастамасымен Наурыз мерекесі ұйымдастырылған болатын. Жалпы сценарий келесідей болды: студенттер қазақтың ұлттық костюмдерін киіп алып, өз өнерлерін көрсетті. Қатысушылардың біреуі өлең айтса, келесі біреуі билеп, сахнаның көркін қыздырды. Әр кафедрада керемет дастарқан жайылды. Мерекеде қазақ халқының салт-дәстүрлері көрсетіліп, ақсақалдар жастарға ізгі ниетпен бағаларын берді.



Ветеринария және мал шаруашылық технологиясы факультетінің деканы А.Исабаев оқытушылар мен студенттерді ежелгі мерекемен құттықтап, оларға бақыт пен табыс тіледі.

Ветеринария және мал шаруашылық технологиясы факультетінің деканы А.Исабаев оқытушылар мен студенттерді ежелгі мерекемен құттықтап, оларға бақыт пен табыс тіледі.

- Қазақстанда тұрып жатқан әртүрлі этнос өкілдері үшін бұл мереке ыстық әрі елімізде кең таралды. Наурыз мейрамы біздің факультетімізде қашанда ерекше қарқынмен өтеді. Осы жарқыраған мереке барлықтарыңызға көктемгі көңіл күй сыйлап, үйлеріңізді бақыт пен қуаныш жылытсын дегім келеді, - деді ветеринария және мал шаруашылық технологиясы факультетінің деканы А.Исабаев.

Ветеринария және мал шаруашылық технологиясының факультеті.

Ғапырдан да ұзақ ғұмыр



Адамзат баласы үшін дүниедегі ең тәтті сезім ананың перзентіне деген махаббаты шығар. Ананың алақаны — балаға айдынды қоныс. «Сенің табаныңа кірген шөңгір, менің маңдайыма қадалсын» дейтін сол аналар. «Жұмақтың кілті ананың аяғының астында» деп хадисте бекер жазылмаған шығар. Асыл сөзді тізе берсек ана туралы небір теңеулер бар. Біздің кейіпкеріміз сол теңеулердің бәріне лайықты жан. Ол 115 жастағы әже — Селтеткенова Марпуға Бекмырзақызы.

Қарт ана Марпуға Селтеткенова биылғы 3-наурызда 115 жасқа толды. Көп жасаған әжеміз Қорған облысы Альменский ауданында туған. Әкесі ертеректе қайтыс болып, анасы балаларын жетектеп Челябинге қоныс аударып, туыстарын паналайды. Марпуға әжеміздің балалық шағы сонда өткен. Екі жылдық медресені бітірген. Ол кезде медресе латын әліпбиінде оқытады екен. Кейін тұрмысқа шығып, төрт баланы дүниеге әкеледі. Бірақ, төрт нәрестенің ғұмыры қысқа болды. Бірінен соң бірі шетінен кетті. Ал жолдасы азаматтық соғысқа аттанып, қайтып оралмады.

1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына дейін Марпуға Бекмырзақызы Қостанайдың Тобылынан балық аулаумен айналысатын артелде жұмыс істеді. Қазақстанда еңбек ете жүріп Мұқат Селтеткеновке тұрмысқа шықты. Әйелі қайтыс болған ағамыз екі қызына әке орнына — әке, ана орнына — ана болған еді. Қайтадан шаңырақ көтерген соң бала тәрбиесімен Марпуға анамыз айналысты. Сонымен қатар алты құрсақ көтеріп, сегіз баланы аяқтандырады. Шағын

отбасы соғыс уақытында Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Көктерек ауылында тұрды. Жолдасы балық аулап, колхоз халқын асырады. Марпуға анамыз сауыншы болды. Майдангерлерге арнап қолғап — шұлық тоқыды. Таң бозарып атқаннан кеш батқанша колхоздың жұмысынан қолы бір босаған емес. Бала тәрбиесіне де үлгерді.

Соғыстан кейінгі жылдардың да өз қиындықтары болды. Таршылық заманның тауқыметіне төтеп беру үшін талмай еңбектенді, тер төкті. Жоқшылыққа жасымай, барға тасымай балаларын жеткізуге тырысты. Ол уақытта колхоз жұмысшыларының еңбек өтілі құжатқа жазылмаған. Қолда құжат болмаған соң соғыс жылдарындағы есіл еңбекті ешкімге айтып дәлелдей алмайсың.

Сондарынан ерген алты баланың бесеуінің көзі тірі. Олар қазір Қазақстанның әр қалаларында, Алматы, Ақтау, Астана, Өскеменде және көршілес Челябинге тұрып жатыр. Марпуға анамыз Қостанай қаласында қызы Жібек Құрманованың қолында ғұмыр кешіп жатыр. Әжей балаларынан 25 немере, 30 шөбере және бір шөлшек сүйіп отыр. Өмір бойы еңбек етіп, бала тәрбиелеген анамыз бірнеше мерейтойлық медальдармен марапатталды.

Жүз жасаған ананың әжім басқан маңдайы талай қиын кезеңді басынан өткергенін дәлелдей түседі. Самайдағы ақ шашы да өткен күндер естелігін айтып сайрап тұрғандай.

Қымбат ДОСЖАНОВА.

Мысық дертке дауа жануар



Сенесіз бе, сенбейсіз бе? Мысықты жақсы көретін жандар мысық асыраса, оның денсаулыққа пайдасы орасан екен. Мысалы, Америка ғалымдары оны зерттеп шығарған. Тіпті мысықтың пырылының өзі қаншама емге, соның ішінде гастрит, асқазандағы тасты жойып, остеохандроз, тұмау ұйқысыздық ауруларынан арылтады.

Жүрек талмасына шалдыққан науқас мысықты бірнеше минут сипаса, оның қан қысымы қалпына келеді. Мысық шаршағанды басып, күйзелістен арылуға көмектеседі. Мысық үйдегі жағымсыз энергиямен күресіп, үйдің атмосферасын тазартады. Қара түсті мысық өзге мысықтарға қарағанда адам бойындағы жағымсыз энергияны өзіне көбірек сіңіріп алады. Ал ақ түсті мысық адамның жүйке жүйесіне оң әсерін тигізеді. Мысықтың мауығу кезінде шығаратын дыбысы науқасты ультрадыбыспен емдеумен бірдей. Мысықтың дыбысы жараның жазылып, сүйектің өсіп-жетілуіне әсер етеді. Сонымен қатар тегіс жүнді мысықтар бүйрек және бауыр ауруларын емдейді. Және де мысық асыраған жандар өз қатарластарынан он жыл артық өмір сүреді екен. Мысықтың тырнақ ізі де ем, кәдімгі инемен емдеудің бір түрі.

Жалпы, мысық жүрек қысылғанда, іш құрылысы ауырғанда, буын сырқырағанда, қатты шаршағанда, тұмауратқанда, басқа да көп жағдайда пайдасы көп. Ол ауырған жеріңізді өзі тауып, жақындай түседі.

Сондай-ақ, мысықтар денсаулығыңыз жақсарып, ұзақ өмір сүруге де ықпал етеді. Мысықтар денсаулықты ем деп қана қоймай сонымен қатар ауа -райын болжай алады, егер мысық босағаны немесе ағаш тіреуді тырналап мазаланса, ауа-райы қатты бұзылады, жел тұрады немесе боран болады ал егер мысық керіліп ұйқыға берілсе онда ұзақ уақыт бойы ауа райы қолайлы болады.

Айдана МАРАТ.

Жарасты жұп

Отбасы – адамның бойындағы ар-ұятты, ақыл-ойды, адамгершілік қалыпты тәрбиелейтін алғашқы қадам деуге де болады. Бүгіндері сондай алғашқы қадамдарын жасаған жас отбасыларымыз баршылық. Сондай жанұялардың бірі – ҚМУ-нің 4-курс студенттері Кенже мен Маржанның шаңырағы. Аз уақыт ішінде жарасымды жұп көпке үлгі болып үлгерді.

Кенже мен Маржан Аманкелді ауданының тумасы. Екеуі Әнуар Боранбаев атындағы орта мектепте бір сыныпта оқыған. Маржан бұл мектепке 5 сыныпта көшіп келген. Бірнеше жыл бірге оқыған соң олар бірін-бірі жақсы танып-біледі. Ес жиып, жөн түзей бастаған шақта бозбаланың Маржанға деген алғашқы сезімдері пайда болады. Сол жылы олар Алматы қаласындағы әдеби байқауға бірге барады. Алматыда болған күндерде үнемі бірге жүреді. Сол кезден бастап екеуі бір-бірін ұнатып, ғашықтық лебіздерін білдіреді.

Мектепті бітірген соң бір оқу орнын таңдап, Қостанай қаласындағы Ахмет Байтұрсынов



атындағы Қостанай мемлекеттік университетіне оқуға түседі. Сөйтіп, оқу аяқталған соң ажырап кетпес үшін екеуі үйленуге уәделеседі. Бір-бірлерін жақсылап танығын олар ата-аналарының батасын алады.

Әуелі, жігіттің ата-анасы дәстүр бойынша бойжеткенге сырға салады. Ата-анасының ақ батасын алған соң Кенже қазір өзінің екінші үйіне айналған Қостанай қаласындағы қазақ баспасөзінің қара шаңырағы «Қостанай таңы» газетінің ұжымындағы жолы үлкен журналистердің батасын алу ниетімен қайта сырға салу рәсімін жасайды. Айтулы салтанатта өңірімізге белгілі тілшілер Айтолқын Айқадамова мен Шұға Қонқабаева жеңгелері қалыңдықтың құлағына сырғасын салады. Сондай-



Сәлім

Меңдібаев, Жанұзақ Аязбеков сынды белді журналистердің ақ батасын алады.

Жас отбасы ерте үйленгеннің ешқандай ауыртпашылық еместігін, тіпті керісінше, тиімді жақтарының көп екенін айтады. Олардың айтуынша, бір-бірлерін танып білгеннен кейін үйленгендіктен, отбасында болған кішігірім келіспеушіліктер тез шешіледі.

Қос жұптың бүгінгі күнге дейінгі жеткен жетістіктері де аз емес. Кенженің облыстық «Қостанай таңы» газетінде жұмыс істеп жүргеніне екі жылға жуық уақыт болған. Сол аралықта Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай берілген «Қостанай таңы» газетінің мәртебесі мен мерейін асырудағы еңбегі үшін құрмет марапатына ие болған. Сонымен қатар, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы «Сорос Қазақстан» қорымен бірлесіп ұйымдастарған «Бюджет ашықтығы мен есептілігі» байқауында «Үздік сарап» аталымы бойынша жеңіпаз атанған.

Ал, Маржан қазіргі таңда «Қазақстан-Қостанай» телеарнасындағы «Сазды сәлем! Тобыл-Торғай толқындары» құттықтау бағдарламасының жүргізушісі. Сонымен қоса, университеттегі президенттік гранттың иегері.

Жас шаңырақ иелері болашақта бұдан да биік шыңдарды бағындыратындарына сенімді. Жас отбасыға ырыс-береке, баянды бақыт тілейміз.

Қызықты оқиғалары:

Мектепті бітірген соң біз Астана қаласына оқуға түсеміз деп жоспарладық. Мемлекеттік сынаққа кірмес бұрын, Маржанға бесінші пән ретінде әдебиетті таңдауға кеңес бердім. Ол физика таңдаған еді. Өйткені, бір жыл тынымсыз дайындалғанымен, есеп-қисап қиын сәтте шешіле қоюы оңай емес. Сондықтан

тестке кірмес бұрын солай үгіттедім. Нәтижесінде, өте жоғары балл алды. Ал, жасыратыны жоқ, менің көрсеткішім көңіл көншітпеді. Орта мектепті жақсы оқығаныммен, сынақтан сүріндім. Кейін мұны да тағдырдың бір айдауына жоримын.

ҰБТ-дан кейін мен Астана қаласындағы жоғары оқу орындарын іздей бастадым. Сөйтсем, Маржан құжаттарын Қостанайдағы пединститутқа тапсырып қойыпты. Бұл жаңалықты естігеннен кейін көңілім түсіп кетті. Анама да ештеңе айта алмадым. Сөйтіп жүргенде Қостанайда тұратын ағам анама хабарласып, мені осы жаққа оқуға шақырды. Қуанғаным соншалық,



— Мен істей алмаймын, қолымнан келмейді деп айтамын, адамдарды түсінбеймін. Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүрудің керегі жоқ. Тағдыр сені сол жолға алып келсе, қиындықтан қашпай, барлығына төзу керек, — дейді Кенже.

сырып, оқуға түсті. Сондықтан ба, Маржан екеуімізге бірге болу тағдырымызға жазылған деп білемін.

сол күні жолға шығып кеттім. Келген соң институтқа спорт факультетіне құжаттарымды тапсыруға бардым. Спорттық киім болмағандықтан мені оқуға қабылдамады. Ол кезде менің қалтамда киім алуға ақша болмады.

Содан ҚМУ-ға оқуға түсуге бел байлады. Университетке келіп заң факультетіне құжаттарымды тапсыруға келдім. Алайда, құжат тапсыратын уақыт өтіп кеткен екен. Ақыр соңында журналистика мамандығына түсуді шештім. Шығармашылық кезеңнің аяқталуына 20 минут қалғанда барып, бар ойымды жинақтап, шығарма жазып шықтым.

Сол күндері Маржан мемлекеттік гранттың нәтижесін күтіп жүрген, алайда, грантқа іліге алмады. Содан Маржаннан ҚМУ-ға тапсыруын сұрадым. Маржан менің өтінішімді орындап, филология мамандығына тапсырып, оқуға түсті.

Перизат ОҢАЙБЕК,
А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың журналистика мамандығының
2-курс студенті.

Жаңа толқын



Қазақтың жаңа жылы өз Наурызда Қостанай қаласындағы Н.Островский атындағы орталық кітапхананың жанынан «Толқын» шығармашыл жастар студиясының тұсауы кесілді. Жаңа жоба жастарды көркем әдебиет оқуға тартып, өлең шығарып, әңгіме жазуға баулиды және мемлекеттік тілдің дамуына қолдау жасайды.

Студияның мақсаты жазуға икемі бар, та-лабы таудау талантты ұл-қыздардың басын

қосып, шабыттан-дыру. Жас өркеннің тырнақ алды туын-дыларын насихат-тап, оқырманға та-ныстыру. Осылай-ша, масада жүрген елеусіз есімдерді жарыққа шығару. Халқымызда «бола-мын деген баланың бетін қақпа, белін бу» деген аталы сөз бар. Кітапхана ұжымының бабадан қалған осы-нау асыл сөзді елеп, кіші буынға көңіл бөлгені қуанышты жағдай.

О б л ы с т ы қ м ә д е н и е т басқармасының м ә д е н и е т ұйымдарымен жұмыс бойынша бөлімінің бас маманы Роза Олжабаева жаңа бастамаға сәттілік

мілеп, жібек лентаны қиып, студияны салта-натты түрде ашты. Белгілі ақын, драматург Ақылбек Шаяхмет, ақын, Қазақстан Жазушы-лар одағының мүшесі Нағашыбай Мұқатов және Тобыл өңірінің мақтанышына айналған айтыскер Әлпия Орманшина жастарға ақ баталарын беріп, жанашырлық лебіздерін білдірді. Іс-шара аясында көрермендерге Наурыз көже ұсынылып, шашу шашылып, қазақтың салт-дәстүрін арқау еткен театрландырылған қойылым сахналанды.

—Студияны «Толқын» деп атауымыз тегін емес. Біздің мақсатымыз кіші буынның алдында темірқазық жұлдызындай жарқырап, бағыт-бағдар беріп жүрген аға буынның соңынан жа-старды ілестіру. «Толқынды, толқын қуады» деген оймен жас талапкерлерге қолдау білдіруді жөн көрдік. Себебі, оқырмандар арасында өлең жазатын, шағын эссе, мөлтек сырын қара сөзбен әдемілеп, әспеттеп жеткізетін өрендер бар. Оларды жігерлендіру, әдебиетке тарту біздің парызымыз деп білеміз, —деді Н.Островский атындағы орталық кітапхананың кітапханашысы Ботакөз Дүйсембаева.

Суреттерде: театрландырылған қойылымнан көріністер.



Ел есіндегі Елдес аға



Қостанай гуманитарлық колледжі мен Л.Толстой атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасының қызметкерлерінің ұйымдастыруымен «Алаш» қозғалысына 100 жыл және Алашорданың көрнекті қайраткері, педагог, публицист – Елдес Омарұлының туғанына 125 жыл толуына орай еске алу кеші өтті. Аталмыш іс-шараның жүргізушілері – Л.Толстой атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасының қызметкері Алмас Мұратбеков пен Қостанай гуманитарлық колледжінің қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі Гүлжанат Нұржанова.

Белгілі ақын, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің профессоры Ақылбек Шаяхмет, Елдес Омаровтың туған жиені Қарапа Жакенова, «Қазақстан-Қостанай» телеарнасының авторлық бөлім редакторы Нұрқанат Құлабаев, «Егемен Қазақстан» газетінің Қостанай өңіріндегі меншікті тілшісі Назира Жерімбетова, ақын-журналист Абылай Мәуданов және І.Омаров атындағы қазақ драма театрының артисі Асылан Кенжетай кешке қонақ болып қатысты.

Елдес Омарұлы – Алаш қозғалысының қайраткері, тілші-ғалым. 1892 жылы Қостанай уезі Дамбар болысы №3 ауылда (Қожай немесе Қоржынкөл елді-мекені) туған. Ауыл молдасынан хат таныған соң, Қостанайдағы орыс-қырғыз училищесіне қабылданады. Мұнан кейін Орынбордың қырғыз училищесіне түседі. Оны бітіріп, Көмек болысындағы Добай ауылында мұғалім болады. Кейін, сот кеңсесіне жұмысқа тұрады. 1916 жылы Минскіде Батыс майданындағы «Земсоюзда» хатшы болған. 1917 жылы Алаш партиясы құрылатын І жалпықазақ съезінің де, Алаш автономиясы жарияланатын ІІ жалпықазақ съезінің де ұйымдастыру және өткізу жұмысына белсене қатысады. Соңғы Алашорда үкіметі – Ұлт кеңесі анықталатын съезде Білім комиссиясының мүшесі болып сайланады. Орынборда Алаш партиясының Торғай облыстық комитеті ашылғанда, соның басқарма мүшесі болады. 20-жылдары Орынборда Халық ағарту комиссариатының мектеп істер бөлімінде, Академиялық орталықта

жұмыс істейді. Сол жылдары Қазақ халыққа білім беру институтында (КИНО) ұстаздық етеді. 1924 жылы Қазақ білімпаздарының бірінші съезіне қатысып, пән сөздері (терминология) бойынша баяндама жасайды. Ол осы жиында съезд материалдарын сараптайтын комиссия құрамына енеді. 20-жылдардың ортасында Ташкенттегі қазақ педагогика институтында дәріс оқиды. А.Байтұрсынұлының тапсырмасымен математика, физика, геометрия, химия пәндерінің оқулықтарын аударады. Алаш қайраткерлерін 1929-1930 жылдары репрессиялағанда, қайраткер көп қатарластары секілді алғаш Алматының абақтысында отырды. Содан кейін оны Карелияның Майгуба қаласы маңына жер аударды. 1933 жылы шілдеде айдаудан ерте босанған соң Алматыға келіп, алғаш медицина институтында, мұнан кейін ҚазМУ-де сабақ береді. Оқулық жазумен айналысады. Осында тілші Т.Шонанұлымен қоян-қолтық жұмыс істейді. 1937 жылы Телжан ұсталғанда, қайраткер біраз шындық іздеп араша түседі. Сөйтіп өзі де артынша 22 қарашада ұсталып, 1 желтоқсанда нақақтан нақақ атылады. Елім деп еңіреген, жерім деп жанын қыйған Елдестің тағдыры осындай. Елдес Омарұлының қиын тағдыры туралы Ақылбек Шаяхмет құнды естеліктер мен мағлұматтар айтты. Елдес Омарұлы Ақылбек Қожаұлына жақын ағайын болып келеді екен. Ақылбек Қожаұлы Елдесті 30 жылдан астам уақыт зерттеп келеді. Сондай-ақ Алашорда жайлы да біраз мардымды сөз қозғады. Ақылбек ағайдан кейін сөз тізгінін Елдестің туған жиені Қарапа Жакенова алды. Ол кісі тек Елдес жайлы ғана емес сондай-ақ Елдестің әкесі Омар жайлы да біраз мағлұмат беріп, студенттер мен оқытушыларды көптеген ақпаратпен қызықтырды. Келген қонақтар Елдес Омарұлы жайлы өз білгендерімен бөлісті.

Іс-шара ары қарай Ақылбек Шаяхметұлының Елдеске арнаған арнауларымен, Алаш зиялыларының өлеңдерін оқумен жалғасты. Өлең шумақтарын колледж студенттері оқыды. Кейін облыстық филармонияның әртісі Манапбек Қадыров терме орындаса, жас әнші, ҚМУ-дың студенті Нұрсұлтан Қасым ән салды.

Кей деректерде Елдестің туған күні 29 ақпан деп көрсетілсе, кей деректерде 1 наурыз деп жазылған. Алаштың көрнекті қайраткерінің туған күніне арналған еске алу кеші өте үлкен деңгейде өтті. Кеш соңында Қостанай гуманитарлық колледжі директорының ғылыми-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Роза Мешелова келген қонақтарға алғыс айтты.

Көрнекті ғалым, білікті аудармашы, ұлағатты ұстаз, белгілі қоғам қайраткері Елдес Омаровтың есімі ұрпақ жадында мәңгілік сақталады.

Алмагүл ТАЛФАТҚЫЗЫ,
А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың журна-
лика мамандығының
3-курс студенті.

Аяулы асыл жарым

Бұл серенада өмірлік жан серігім Зейнел қажы
Мұқашқызына арналды

Автор



Көргенде-ақ кең даламдай келбетіңді,
Жанарым дидарыңда тербетілді.
Көңілімді аяулы бір сезім билеп,
Қызғандым сүйгенінде жел бетіңді.

Ақ самал оралғанда мойыныңа,
Бөлінді күйінгендей ойым - мыңға.
Ақ қайың, аққудайын мүсініңді,
Көргенде көкке жеткен бойым мына.

Көзімді гүл-бейнеңнен бұра алмаған,
Ай сәуле, ақ ерке едің сылаңдаған.
Жанымды жарық еттің нұрланбаған,
Демедің көңілімді жұбанбаған.
Қысымды жазиралы жаз еткенде,
Түрленді дүйім дүние, ұлан далам!

Көктемгі жыл құсындай сенің назың,
Сайратты бұлбұлы етіп көңіл ләзім.
Бақытты дәуренімнің киесі боп,
Әрдайым ақ сезімнен өріл сазым!
Таңғы шық тамшысындай сұлу әнім,
Сол әннен сағынышқа ұрынамын.
Әйтеуір сен дегенде тағатым жоқ,
Болмастай тілмен айтып мұның бәрін.

Адами асыл рухтың өрі – шындық,
Тірліктің жайсыз күйі – көңілсіздік.
Табысып таза арнада екі жүрек,
Көңілге қаяу салмай өмір сүрдік.

Тағдырдан бұйырған сый сенсің маған,
Көзіме қарашық боп келші, данам.
Алпыс жыл жазылмаған жар құшағын,
Көңілдер сарасы-ау деп есіме алам.

Сен барда ортаймайды ой-дастаным,
Жолымды жадыратып қойды аспаным.
Баян ғып бар жайымды ертелі-кеш,
Айтуды өзіңе бір ойласқанмын.

Жарығым, жан жылуым жалғандағы,
Бір дәурен бірге кештік арман бағын.
Аяулы асыл жарым, өзіңменен,
Алаудай тағдырымда жанды бағым.

Сол жылдар сұлу көктем, сәуір еді,
Жанымның дауасы боп дәуірледің.
Ұзартып ұрпағыңмен өмір көшің,
Жол аштың жаңа заман, дәуірлерге!

Жылуы, жарығы мол, нұры асыл,
Әулетке шапағатты шұғыласың.
Ұзақ боп көрер жарық, ғұмыр жасың,
Сені де жарылқасын бұл бір ғасыр.

Бақыттың дариясындай бұл өмірде,
Бір жүзіп жеттік ізгі тілегіңе.
Әндей ғып әрлендіріп күй-көңілді,
Шабытты жыр толтырдың жүрегіме!
Айналған парасат-рух, бақ-нұрыма,
Ризамын дінім, ділім, тағдырыма.
Алпыс жыл ақын етіп жыр толғатқан,
Адамзат ғұмырының әр қырынан.

Қарттықпен қоштаспайым деп айта алар
кім,
Тоқсан үш жаста мен де жай табармын.
Өзіңе өлең арнап сексен үште,
Аңыздай жас дәуренге қайта оралдым.

Жанымда сен жүргенде жаным, назым,
Қаңтарға қайтып бармас менің жазым.
Мәңгіге аттанайын өз алдыңнан,
Тірліктің қанағат қып кемі, азын.
Жатармын жебеушін боп қыр астында,
Аз ғұмыр азабынан белім жазып.

Тәуба айтып, жарық дүние –жалғаныма,
Ынтымақ,бақ тілейін қалғаныңа.
Жаңылыс кеткен болсам кешсін Құдірет,
Бақидай мәңгі өмірге барғанымда.
Аман ғып Жаратқан Күш алдағыда,
Жеткізсін Дала Елін арманына!
Хош көріп қабыл алсын тілегім мен
Дұғамды намазда айтқан таңда мына.

**Жолбарыс БАЯЗИД,
Қостанай қаласы**





Жүзден асқан Күнжамал апа Уәйісқызы жас кезінде жыр жазған, алайда, өзін ақынмын деп есептемеген қария. Жиын-тойда, үлкен астарда бата беретін қадірлі ана. Көзіне көрінген немересі ажал тырнағына ілінгенде: «Аясаң, Алла, не етеді, сүйекпен қайғы кетеді. «Не болды?» - деген сауалмен, күндерім қалған өтеді. Орны бар да, өзі жоқ, туралап келді ажал-оқ. Жылауға да қорқамын, Алла ісіне амал жоқ!» - деп тәубаға келген, ел-жұртының амандығын тілеген батагөйөже.

Журналымыздың осы санында Лекер қажының шөбересі Күнжамал әженің берген баталарын жариялап отырмыз.

Тілек қабыл болсын!

Гүлдене берсін жеріміз, Көркейе берсін еліміз!

Жастарға бата

Бісімілла, рахман—рахим!
Батыр да туған анадан,
Ғалым да туған анадан,
Бата беру жастарға
Жолы ғой қалған бабадан.
Қостанайдың елінен,
Егінді байтақ жерінен,
Аққу ұшып, қаз қонған,
Айдынды шалқар көлінен.
Баяу аққан Тобылдан
Жүздің берген батасы,
Болмасын сөздің қатасы,
Адамдарды өрбіткен
Хауадан Адам атасы.
Өмірге келіп пайғамбар,
Ислам дінін құрды ғой.
Алланың сөзін жатқа айтып,
Пендеге салды терең ой.
Ислам болса дініміз,
Қазақша шықты тіліміз.

Асты менен үсті бай,
Ұлы дала жеріміз.
Намысты қолдан бермейік,
Мәңгілік болсын еліміз.
Кейінгі толқын жастарым,
Аман болсын бастарың.
Жетекке еріп кетпеңдер,
Адал болсын достарың.
Ел бастаған азамат,
Естілмесін жаманат.
Аспан ашық, ел тыныш,
Қанағат, Алла, қанағат!
Гүлдене берсін жеріміз,
Көркейе берсін еліміз.
Елдің қамын ойлайтын
Көбейе берсін еріміз.
Халыққа қызмет етіңдер,
Мұратқа сүйтіп жетіңдер.
Қиын—қыстау жерлерден
Аман—есен өтіңдер!

Ұзатылған қызға берген бата

Ұядан ұшқан балапан,
Қайырлы болсын бұл қадам.
Алдыңнан күтер ата – енең,
Олар да сенің ата – анаң.
Атаң – сенің орманың,
Енең – сенің қорғаның.
Қайынсіңілің – сырласың,
Абысының – мұңдасың.
Еркелікті тастап кет,
Аман болсын алғаның!
Құлтай көрме терісті,
Ақылға сал әр істі.
Ыдыс – аяқ сынбасың,
Құлаққа құй дәрісті.
Бірінші болсын Құдай жар,
Екінші сүйеу пай ғамбар.
Тастай батып, судай сін,
Қосағыңмен қоса ағар!

Келінге берілген бата

Қол көтердім батаға,
Кемпесін сөзім қатаға.
Аққуым қолға қонсын деп,
Мейірімді болсын деп,
Ана менен атаға.
Қалаулы бол халқыңа,
Елеулі болеліңе.
Бісімілла деп аттап кір,
Сүйіп келген жеріңе.
Ашық болсын есігің,
Қасында болсын бесігің.
Пейілмен құт қонақты,
Кем болмайды несібең!
Кәріні күтсең, шырағым,
Жарқырап жанар шырағың.
Сыйлы келін атанып,
Тәрде болар тұрағың.
Берген батам қабыл боп,
Жарылқасын Жасаған,
Берік болсын босаған,
Биік болсын шаңырағың.
Ата – ана сүтін ақтаңдар,
Әділдікті жақтаңдар!
Сенім деген үлкен күш.
Махаббатты сақтаңдар!

Жаңа туған балаға

Өмірге келсе нәресте,
Нәресте – ол періште.
Ержетіп ертең, адам боп,
Биік болсын әр істе!
Ата – ананың қызығы,
Жас кезде болар бұзығы.
Артынан келсін бірнешеу
Келер ұрпақ ырыздығы.

Мектепке барған балаға

Балама бата берейін,
Әумин деп қолың жау!
Жәрдемші болсын әруақым
Жаратушы бір Құдай!
Мектепке қадам басқаның,
Бісімілла деп есік ашқаның.
Ұстаздан алып тәрбие,
Білімнің нұрын шашқаны.
Ақыл, сабыр, мейірім,
Тәрбиеге қосқаның,
Сезімтал бол әр істе,
Ашық болсын аспаның!

Бауырыма арнау

Қыпшақтан дара шыққан Ақылбегім,
Белгілі түсінгенге асыл тегің.
Мақтаулы жасалған іс толып жатыр,
Инемен құдық қазған өз еңбегің.

Кездескен ақылды боп асыл жарың,
Отбасың – байлығың ғой, қолда барың,
Сақтасын тіл мен көзден, Алла жар
Боп,
Еңбегін ардақтаймын Бақытханның.

Білгенге Ақылбегім сөз зергері,
Өнерге тұнып тұрған бар өмірі.
Тенізде сұрыпталған гаухар тастай,
Дариядай жарқылдаған ақ көңілі.

Әр сөзің түсінгенге жақұт, алтын,
Жазасың тәрбие қып қазақ салтын.
Келесің тіл мен дінді қатар ұстап,
Сол үшін құрметтеуді барша халқың.

Наурыз келді

Мәңірден тамаша сый таң тәзделі,
Мәңіртпен айдынында ал жаз деді,
Қып мен түнді табанда теңестіріп
Наурыз келді ағайын, Наурыз келді

Өрге тартып тұрған жоқ жалғыз мені,
Өршіл көңіл тыпыршып тауды іздеді,
Нағызшына қыпмен қыпті жартып
Наурыз келді ағайын, Наурыз келді

Көзге ыстық көрікті, сәнді іздері,
Өрнек өзге әр көктемдер күздері,
Қызғалдағы қыптып қырдан, ойдан
Наурыз келді ағайын, Наурыз келді

Аспандағы ақсулар ән тізбегі,
Адамның әппас шұақ жан, жаздері,
Мейірім-мұхитына мың шомыл деп
Наурыз келді ағайын, Наурыз келді
Жайғасып жайлағандай алғыс төрді,
Кім көне қуыс, бұрыштан қарғыс терді,
Ашулыны ақ қыптық табыстырып
Наурыз келді ағайын, Наурыз келді

Ғажайыпты ең жегім, ең қыз көрді,
Маманмен татайықшы дәм тәзды енді,
Наурыз көжені көрсетіп шара-шара
Наурыз келді ағайын, Наурыз келді

Мамырдағы қорегін әлді ұзбегі,
Байғашы бөлектену той нәр біздері,
Салтымын сары сандығын ең ақтарып
Наурыз келді ағайын, Наурыз келді

Өршілер ерлулыққа нанғызды елді,
Елден жегімді, шиты аңғар теңі,
Қос қолымен қуана қып көтерін
Наурыз келді ағайын, Наурыз келді



Нағашыбай МҰҚАТОВ,
Қостанай қаласы.

«Жыл кітабы» анықталды



Жыл сайынғы дәстүрмен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында жалпыхалықтық оқуға ұсынылатын жыл кітабы анықталды. Комиссияның шешімімен Алашорда үкіметінің 100 жылдығына орай «Жыл кітабы–2017» таңдауы ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармаларына түсті. Ақынның өмірбаяны және шығармашылық қырлары туралы журналымыздың 2–бетінде қысқаша ақпарат беріліп отыр.

Елімізде оныншы рет өткізілген акция аясында әлеуметтік желілерде, аймақтық кітапханаларда және оқырмандар арасында сауалнамалар жүргізіліп, мониторинг жасалды. Жинақталған мәліметтердің қорытындысына сәй, жыл кітабы анықталды. Акцияға бес мың оқырман қатысып, оның екі жарым мыңы әлеуметтік желі арқылы дауыс берген. Қатысушылардың жалпы саны бір миллионнан асты.

«Бір ел – бір кітап» акциясы ҚР Мәдениет министрлігінің қолдауымен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы мен ҚР Кітапханашылар қауымдастығының бастамасымен 2007 жылдан бастап ұйымдастырылып келеді. Акцияның мақсаты – ұлттық әдебиетіміздегі ең үздік деген туындыны оқу және насихаттау, оқу ісін ілгерілету, рухани мұрамызды сақтау.

Енді «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясының қатысушылары, елімізге белгілі зиялы қауым өкілдерінің пікірлеріне назар аударалық.

Несіпбек Айт, ақын, «Парасат» орденінің иегері:

– Қазақ поэзиясының биігіне өрмелеп шыққан ақын ол – Сұлтанмахмұт Торайғыров. Абайдан кейінгі ұлы ақындардың бірі. Ұлт үшін күрескен адам.

Сол себептен «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясына қатысушыларға жалынды ақын, жас ақын С.Торайғыровтың шығармалары таңдалғаны өте орынды деп санаймын.

Дархан Қыдырәлі, «Егемен Қазақстан» РГ» АҚ басқарма төрағасы:

– «Бір ел – бір кітап» акциясын жүйелі жүргізіп келе жатқан Ұлттық академиялық кітапхана басшылығына және барлық кітапхана қызметкерлеріне ризашылығымды білдіремін. Биыл Алаштың жүз жылдығы. Елімізде көптеген іс-шаралардың өтетініне күмәніміз жоқ. Бірақ, мына ұрпақтың санасына сол Алаш ұғымын сіңіре беру үшін быылғы акцияда Алаш тақырыбы қамтылу керек деген ойдамын. Мағжан Жұмабаев пен Жүсіпбек Аймауытовтар бұған дейінгі акцияларда оқылған екен.

Комиссия мүшелерінің айтуынша, ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың есімін қазақ жастары арасында кеңінен насихаттау керек. «Қараңғы қазақ көгіне, Өрмелеп шығып, күн болам!» деген рухты жырлаған ақынның өлеңдері өрендердің бойына жібер беріп, елінің патриоты

болып өсуіне септігін тигізбек. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Әлиханнның Семейге келуі» деген өте керемет шығармасы бар. Кейінгі толқын, сол шығарманы оқыды ма деген сауал мазалайды. Мұндай құнды туындылар мұрағат түбінде жата бергені болмас.

Ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармаларын жастарымызға үлгі ретінде көрсетуімізге болады. Оның шығармалары заманымызға келген үлкен сый, тамаша тарту. Қыршын кетсе де, барлық саналы ғұмырын халқына арнаған ұлы тұлға. Біздің жастарымыз С.Торайғыровтың тәлімін, тағылымын оқып өссе, шын мәнінде отаншыл болып шығады деген сенімдеміз. Сұлтанмахмұт Тройшкіде оқып, діни білім алған. Сол себептен татар, башқұрт және басқа да бауырлас халықтармен әдебиетімізді жақындата түседі деп ойлаймын. Себебі, кезінде татар ақындары Ғабдолла Тоқай мен Ғалымжан Ибрагимовтер Сұлтанмахмұттың бірге жүрген достары болған. Сұлтанмахмұт Торайғыров сол заманның ғана ақыны емес. Біз қазір «Мәңгілік ел» мұрасы деп жүрміз. «Мәңгілік ел» тұғырының бағыты қандай? Философиясы неде деген сауалды жиі естиміз. Оның мағынасын С.Торайғыровтың «Алаш туы астында, Күн сөнгенше сөнбейміз» деген философиясы айтып тұр. Бір жағы биыл Алаштың жылы. Екінші жағынан ұлттық идеямызға және «Мәңгілік ел» идеясының анықтамасына Сұлтанмахмұт Торайғыровтың осы сөзі жауап бола алады.

2007–2016 жылдар аралығында «Бір ел – бір кітап» акциясы бойынша жыл кітабы атанған шығармалардың тізімі мынадай:

- Абайдың «Қара сөздері»,
- М. Әуезов «Қилы заман» романы,
- М. Жұмабаевтың лирикасы,
- Ж. Молдағалиев «Мен – қазақпын» поэмасы,
- Ж. Аймауытов «Ақбілек» романы,
- О. Бөкей шығармалары,
- Ғ. Оңғарсынова «Дауа»,
- С. Мұратбеков «Жусан үсі» және «Басында Үшқараның...»,
- І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы және Д. Бабатайұлының шығармалары.

(Материал интернеттен алынды.)

Ар алдындағы адалдық

Ары таза адам ақиқатты өз жан жүрегі мен арынан іздеп, өмір жолындағы арман-тілегін де, жанының ой-толғаныстарын да, пиғыл-ниетін де, көңіл-күйін де ар алдына жайып салса ғана әрбір алға басқан қадамында жаза баспас болар. Міне, мен естелік арнап отырған жан, дәл осындай адал, таза жан! Ол – Алматыдағы Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйінің директоры Райхан Сахыбекқызы Имаханбет, сонымен қатар, бұл күнде танымал ахметтанушы ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті.

Райхан Сахыбекқызы Алаш көсемі, Ұлт ұстазы, Қазақ тіл білімі мен әдебиетінің негізін қалаушы, халқының ар-ожданы болған Ахмет Байтұрсынұлын ұлықтап, сүйетін барша қазақтың ардақ тұтар көзайымы, ғылымда өзіндік орны бар зерттеуші ғалым, ең бастысы Ахаң мұрасының қырағы қорғаушысы.

Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйі ашылған 1993 жылдан бастап мұражайдың тұрақты қызметкері болмаса да мұражай-үйімен үнемі байланыста болып, ғалымның өмір жолы мен шығармашылығын зерттеп, баспасыз беттерінде танымдық мақалалары жариялана бастады. Бұл күнде мұндай зерттеу ғылыми мақалалары жүздеп саналады. Және Ұлт ұстазының өмірдерегіне, ғылыми еңбектеріне арналған «Ғасыр саңлағы», «Ұлағатты ұлт ұстазы» атты екі еңбегі кітап болып жарық көрді. Алғашқы жылдары Ахаңның шығармашылық ғылыми еңбектерін құрастырып бестомдық кітап етіп шығарса, кейін алтытомдық еңбегінің құрастырушысы және жауапты шығарушысы болды. Қазіргі кезде Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық мұрасын жоғары оқу орындарында пән ретінде оқытып, насихаттау үшін оқулық жазу үстінде. Осыған дейінгі зерттеу еңбегіне енбей қалған кейбір тарихи деректермен қатар, ғалымның кейін табылған туындыларын қосып, Ахмет Байтұрсынұлы туралы көркем әдеби эссе жазып дайындауда. Райханның ізденуінің арқасында қазіргі уақытта Ахаңның мұрасы ондаған томдық кітапқа жететін материалдар жиналған.

Мұражай-үйіне келген Райханды «тарихи ескерткіш» деп танылған мекенжайды рәсімдеу тарихының өзі бір әлем ретінде таңқалдырып, нағыз ізденуші жолына түсірді. Бір кездері Ахаң отбасымен тұрған мекенжайды тауып, оны мұражай-үйіне айналдырып, ұйымдастырған Самырат Мәшенұлы Кәкішев болатын. Мәшен қажы – Ахметтің туған інісі. С.Мәшенұлы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы қоғамдық қорды құрып, қаражат жинап, Ахаңның кейбір еңбектерін баспадан шығарып, насихаттай бастаған кезінде көп ұзамай қайтыс болып кетті. Әрине, бұл мұражай-үйінің жағдайына әсер етпей қойған жоқ. Көп жылдар бойы күтімсіз, қараусыз қалған күйді кешіп, жабылудың сәл алдында тұрды. Соған шыдамаған Райхан Сахыбекқызы мұражай-үйіне иелік етіп, қорған болып қоғамдық негізде



басшылық етуге бел шеше кірісті. Ол сол кездері Самырат ағаймен жақын араласып, ашық еңгімелесіп, Ахаң өмірі мен еңбектерінің кейбір деректерін сұрап жазып алмағанына Райхан әлі күнге өкінеді екен.

Райхан Сахыбекқызын енді Ахаңның туған елі, кіндік қаны тамған жері қызықтырды. Оның да сәті түсіп, 1998 жылы Ахаңның мерейтойы қарсаңында Торғайға Ахаңның Ақкөліне жолы түсіп, сапарластары – Айман Байсалова, Асылы Османова болды. Ахаңның кіндік қаны тамып, балалық балдәурені өткен Ақкөл елі Райханды біржолата Ахаң ұрпағы етіп, туыстық иірімге тартып «Үмбетей қызы» атандырды. Осы шексіз құрмет пен сүйіспеншілік сезім Райхан Сахыбекқызын Ұлы ұстаздың әлемі мен ғылым кеңістігіне жетеледі. Осынау құрметті де абыройлы, жауапкершілігі мен қиыншылығы бірге жүретін жолға ол тосыннан келіп, кездейсоқ кездесті деуге келмейтін тұжырымды Ахаң тілектес барша оқырман түгілі, көзі қарақты ахметтанушылардың да көбі біле бермейді.

Алаш зиялылары ақталған жылдары Райхан Сахыбекқызы «Халық конгресі» газетінде корреспондент болып қызмет атқарып жүрген кезі екен. Бірде газеттің бас редакторы, белгілі жазушы Сайын Мұратбеков Райханды өзіне шақырып, Ахмет

Байтұрсынұлының қызы Шолпаннан сұхбат алып келуге тапсырма беріпті. Міне, осы сәтті тапсырма Райхан үшін Ахаң жолына келудің бастауы болыпты. Райханды сол жолы Шолпан апа аузынан естіген өмір тақсыреті, оның әке-шешесі тартқан тауқыметі Ахаң жолына алып шықты. Кейін бұл мақсатты жол – Райхан арманында бір сәт те толастамады, қолына қалам, ойына қанат бітірді.

Бірде Райхан Сахыбекқызы іссапарға баратын болып, сол кезде сырқаттанып жүрген Шолпан апаға «жаныңда бірнеше күн бола алмайтынын» айтуға келгенінде, Шолпан апа өзінің Райхан қызымен соңғы сөйлесіп тұрғанын сезді ме екен, Ахаң мұражайының болашағына алаңдайтынын айтып, «заман өзгеріп кетті ғой, алдағы уақытта қандай қиындықтар болмасын, Ахаңның мұражайынан кетпе, мұражай-үйі менен саған аманат, осыған уәдеңді бер» деп, Райханның уәдесін алған екен.

Бұл күндері Райхан Шолпан апаның аманатына, берген уәдесіне берік болып, қаражаттың жоқтығынан мұражайда айлық жалақы алып, жұмыс істейтін тұрақты бір де бір қызметкері болмаса да, өзі де ешқашан да айлық жалақы алмаса да, қоғамдық негізде басшылық жасап, мұражай-үйіне қорған болып, барлық қиындықтарына шыдап, жалғыз өзі мұражай-үйінің шаруашылығын шашау шығармай, ұзақ жылдар бойы жанкештілікпен иелік етіп, ел игілігіне айналдырып отыр. Бұл ретте мұражай-үйінің директоры Райхан Сахыбекқызы өзі үшін табыс көзін іздемей, шен-шекпенсіз-ақ рухының биіктігімен еңбек етіп келеді. Сонда ондаған қызметкері бар ұжым атқаратын бұл жұмысты Райхан жалғыз өзі «Ұлылар ұмытылмас үшін, ұрпақтар жалғастығы тозбас үшін» қиналса да қажымай, қиыншылықтарына төзіп қызмет жасап, сол жолдан айнымай, әрі аянбай еңбек етуде.

Өз тәуекелімен бүкіл ұлт тәуекелін оятуға бұдан бір жарым ғасырға жуық бұрын ұмтылған Ахмет Байтұрсынұлы рухымен қанаттанған «Қоңыраттың қаршадай қызы» бұл күнде салиқалы санасы мен сүбелі еңбегінің арқасында халық қызына айналды десем, артық айтқандық емес шығар. Өйткені, Райхан Сахыбекқызы рухқа жасап жүрген қызметін мәртебесі мен мерейін асыру үшін емес, Ұлы Ахаң даңқының мәнін терең түсініп, соған шын берілгендігімен аға ұрпақ санатына жетіп отыр. «Ұлы ел атану халық санымен өлшенбейді, өмірге ұлы ұрпақ әкелуімен өлшенеді» деген екен тарихи тәмсіл. Туған халқын ұлылыққа теңестірген Ахаң елін Райхан ғана емес, күллі қазақтың көзі ашық қыздары өз жұртым десе, ал Ахаңды өз атам деп мақтан тұтып, барша қазаққа үлгі етсе артық емес-ау!

Бұл күнде Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйі халық көп келетін тарихи ескерткіш, тағылым үйіне айналды. 2016 жылдың өзінде мұражай-үйіне қазақ елінің Үкімет басшысы, Премьер-министр Кәрім Мәсімов, Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіхалықова, Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек келіп Ахаң мұрасымен танысып, рухына тағзым етіпті. Бұған дейін де мұражайға қазақтың белгілі ақын-жазушылары, ғылым докторлары мен академиктер, қоғам қайраткерлері келіп, өздерінің көріп-білгендерін, тәлімдік ой-пікірлерімен бөлісіп, мұражай көрермендеріне Алаш мұрасын таныстырып, кездесулерді үнемі ұйымдастырып, мұражай-

үйінің мерейі мен мәртебесін арттырып, республика көлеміне танытқан болатын. Солардың ішінде халқына танымал Әбіш Кекілбай, Тұрсын Жұртбай, Мұхтар Шаханов, академиктер: Әбдуали Қайдари, Рабиға Сыздық, Тұрсынбек Кәкішұлы, Өмірзақ Айтбайұлы, Кенжеғали Сағадиев, Ғалымқайыр Мұтанов, Рахман Алшанұлы, ғылым докторлары: Өмірхан Әбдиманұлы, Мәмбет Қойгелдиев, Айгүл Ісімақова, Әлімхан Жүнісбек және басқа да жүздеген зиялы қауым өкілдері келіп тұрады екен. Ахаң мұражай-үйіне шетелдіктер де, әсіресе Түрік елінен көп келетін көрінеді. Мұражай-үйіне келушілердің көптігінен бұл шағын мақалада олардың барлығын тізбелеп отыру мүмкін болмас.

Райхан Сахыбекқызы 2014 жылы Торғай жеріне келіп, Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин салдырған мектептің 150 жылдық салтанатты жиынына қатысып, баяндама жасады. Жарты сағаттық баяндамасында ешқандай қағазға қарамай, жүйелі түрде сөйлеп, шешендігімен Торғай жұртын өзіне тәтті етті. Залда отырғандар сілтедей тынып, ұйып тыңдады. Сол салтанатты жиыннан кейінгі отырыстың алдында жасы 80-нен асқан өмір бойы ұстаздық етіп, жас ұрпақтарды тәрбиелеген, еліне сыйлы Алин Қонақбай ақсақал Райханды жанына шақырып: «Шырағым-ай, ағып тұр екенсің, тіл-көз тимесің, батамды берейін» деп, өміріне ақ жол тілеп, ризашылығын білдірген еді. Мінекей, осындай жарасымды істерімен Райхан Сахыбекқызы халық құрметіне, ықыласына бөленіп жүр. Осы жазылып отырған мақалаға «Ар алдындағы адалдық» деп тақырып қоюымыз да содан болатын.

Ахмет Байтұрсынұлындай тарихи тұлғаның келешек ұрпақтарымен мәңгі жасауы үшін, Мәңгілік ел тарихындағы Тәуелсіз қазақ елінің болашағы үшін бұл күнде күрескерлер сапында келе жатқан, елу жас төріне тұғырлы ой-сана, биік мәртебелі рухпен келіп отырған Райхан Сахыбекқызының шығармашылық еңбегіне зор табыс, абыройының арта беруін тілейміз!



Сурет интернеттегі мына мекенжайдан алынды:
<http://e-history.kz/kz/publications/view/741>
© e-history.kz

Ибраһим АҒЫТАЙҰЛЫ,
Ахметтанушы,
ҚР Журналистер Одағының мүшесі.

Араб таңбасы – Ақаң «Әліпбиінің» негізі

**Ақылбек ШАЯХМЕТ,
Ахмет Байтұрсынов атындағы
Қостанай мемлекеттік университеті
филология ғылымдарының
кандидаты.**

Ахмет Байтұрсынов еңбектерін оқып жатқан бүгінгі ұрпақ, сөз жоқ, бақытты. Мен Ахметтің есімін ең алғаш бұдан қырық жыл бұрын әкемнің аузынан естіген едім. Сол кезде мұғалім болып қызмет атқарған әкеміз: «Біз балаларға бас қатыратын шана, шаңғы деген сөздерін жаттатып, үйретіп жүрсек, Ахмет мектепте сабақ бергенде тақтаға «ш» әрпінің араб таңбасын салып, оның жанына шал мен шабақтың және қасқырдың суретін бейнелеп:

«Балалар, қараңдар!

Бұл – аш шал!

Бойына назар сал!

Сақал-шашы ақ,

Қайраты қайтқан шақ.

Ауқаты – шабақ,

Сусыны – шалап,

Қатқан аш, арық,

Бұл сондай шатақ шал!» – дейтін. Содан кейін бұл әріпті ешбір шәкірт өмірі ұмытпайтын», – дейтін. Бұл шумақта ұстаз ақынның тапқырлығымен бірге ұрпаққа айтқан тағылымы да жатыр. «Шал неге шабақ жейді? Неге аш? Қазақтың төрт түлік малы тұрғанда, шабақты қайтеді?» – деген сауал туады. Сол тұстағы аштықты, қазаққа деген қастықты Ахмет Байтұрсынов емеурінмен білдіріп тұр ғой» – деуші еді. «Ауыз біреу, қол екеу, Ол нәліктен бұлай?! Көп істеуші, аз жеуші, Жаратқаны ол солай» – деген жолдар да балалар әдебиетінің озық үлгісі емес пе?!

Ахмет Байтұрсынов өз «Әліппесін» неге араб жазуы негізінде жасады деген сауалға жауап издесек, бұл жазудың біріншіден төл тарихымызбен, Ислам мәдениетімен тығыз байланысты екенін, екіншіден, оның қазақ балаларының хат тануына өте жеңіл екенін аңғарамыз.

«Латын жүйелі әріппен жазғанда қол қимылдау бағдары сағат тілінің жүретін бағдарына қарсы келіп отырады, – дейді Ақаң. Сол ыңғайына қарай жазу жолы да солдан оңға қарай жүреді. Ал араб әрпімен жазғанда қол қимылдау бағдары сағат тілінің бағдарымен бірыңғай келіп отырады. Сол ыңғайыңа қарай жазу оңнан солға қарай жүреді. Машина айналдырған жұмыскерге, қол машинамен тіккен елдерге қарап тұрсақ, бәрі сағат тілінің бағдарымен айналдырады. Қалай да, қолмен айналдыра - үйірілдіре қайта-қайта істелетін

жұмыстардың бәрі де, мәселен, инемен тігу, арқан есу сағат тілінің бағдарымен істеледі, оңнан солға қарай жүреді. Оның бұлай істелетіні қол талмау үшін. Қайта-қайта көп рет қимылдағанда ыңғайсыз жағына қимылдаса, қол тез талады. Мәселен, орысша жазғанда қолдың талғаны білінеді, қазақша жазғанда білінбейді. Ойлап қараңдаршы, қарды жаюдан жыю жеңілірек».

Ақаң екі әріптің қайсысы баспа ісіне қолайлы, қайсысын үйрету оңай, барлығына жан-жақты тоқталып, латын әрпінен өнетін үлкен пайда түгіл кішкене де пайда жоқ, ендеше, бұл сияқты мәселені көтеріп, уақытын шығын қылып жүргендер болса, оны еріккен адамдардың ермегі есебіндегі құр қиял деп білемін деп өз шешімін кесіп айтады.

Ақаңның жан серігі болған Алаш ардақтысы Елдес Омарұлы «Араб таңбасы» туралы еңбегінде «ескішілдік деген не?» деген сауал қойып алып, іле-шала: «Ескішілдік деген бұрыннан үйреншікті болып, бойына сіңіп қалған әдет. Үйренген әдеттен бұрылып шығуға болмайды. Бұрын орысша оқып, үйреніп қалған қазақ жігіттері қазақша жаза алмайды. Пішіндемеде кездесетін түрлі атауларды қазақ әрпімен белгілесек, олар бұрын түйе көрмеген жылқының түйеден үріккеніндей осқырынып қарайды... Міне, ескішілдік деген осы. Өзінің үйреніп қалғанынан басқаға осқыра қарайтындық», – дейді. Осынау сөздер күні бүгін де мағынасын жоймаған, біздің қазақ қауымына арнап айтылған сөз секілді әсер етеді. Кезінде қазақ зиялылары осындай сөздерге құлақ қоймағаны өкінішті, әрине!

Қазақша жазу туралы жаңа ережелерді де Елдес Омарұлы дайындап, оған Қазақстан Республикасының сол тұстағы оқу комиссары Нұғыман Балаұлы, қазақ комиссиясының бастығы Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ комиссиясының жаршысы (секретарь) Елдес Омарұлы қолдарын қойған. 1926 жылы Баку шаһарында өткен түркішілердің бірінші құрылтайына қазақ елінен Ахмет Байтұрсынұлы, Әзиз Байсейітұлы, Біләл Сүлейұлы және Елдестің өзі, сонымен бірге Мәскеуден Нәзір Төреқұлұлы арнайы шақырылып, әлемге әйгілі академиктер Бартольд, Ольденбург, Малов, Яковлев, Ашмарин, Ибрагимов тағы басқа білгір мамандар алдында Ахмет пен Елдес те мінбеге бірнеше рет шығып, қазақ тілінің ғылыми зерттелуі, оның түркі халықтары тілдері арасында алатын орны туралы өз қисынын баяндаған.

«Латын әрпін аламыз деу тек сыртына қызыққандық. Біз латынның әрпін аламыз дегенше Иаурупаның мәдениетін қалай аламыз деп кеңесуіміз керек. Мәдениетсіз біреудің іші қуыс тонын кияуден пайда шамалы. Біз не нәрсенің

де сәніне қызықпай, дәніне қызығуымыз керек. Латын әрпіне өнтелегенше, біз қазіргі қолданып келе жатқан әріптерімізді түзетіп, баспахана қызметкерлеріміз – әріп түзеушілерді даярлап, баспа істерімізді жөндеуге кірісуіміз керек. Нәзір айтқандай, басқа түріктер 25 жылдан бері жазу машинасын дұрыстай алмай жүрген болса, біз қазір оны жасап, жазып та отырмыз. Әлде болса да орынсыз латыншаны ортаға салғанша өз әріптеріміздің кемшілігін толықтыралық, соны қолданалық. Бізді мәдениетке жеткізбей, бөгең жүрген түрік әліпбиі емес, сондықтан оны жазықсыз құрбан қылудың орны жоқ» – деген Елдес уәжі саналы адамдар санасына сәуле түсіргендей еді.

«Ақаң әрпін түзетуге көп ақша шықты деу дұрыс емес. Шығын болмай іс бола ма? Ақаң әрпін түзетуге көп пұл шықса, бүгін соның арқасында әрпіміз түзеліп отыр. Енді түзелген әріпті тастай беріп, әзірбайжан алды, пәлен алды, түген алды деп латын әрпіне көшсе, тағы шығын шықпай ма? Әлде латын әрпі тегін келіп, біздің латын әрпімен қайта басылатын толып жатқан кітаптарымыз тегін басыла ма? Мұны да ойлау керек қой. Әзірбайжанда «оқығандар табы» деген тап бар. Олар ақсүйектер, бұқарадан артық болғысы келетіндер. Латын әрпін алып отырған, алдырып отырған сол елден жырылып кеткен оқығандар. Оларға біз еліктемеуіміз керек. Латын әрпі қазақ әрпінен артық емес. Сондықтан қазақ еліне оның керегі жоқ!»

Елдес Омарұлы қазақтар араб жазуын қолданғаны дұрыс па, әлде латын әрпіне көшуі қажет пе деген пікірталаста сөйлеген сөзінде араб таңбасының артықшылығын ғылыми тұрғыда дәлелдейді: «Тағы да жазуға келгенде, біздің оңнан солға жазуымыз әбден дұрыс, – деп жазады ғалым, – өйткені, адамның табиғаты жаратылысында солай. Мәселен, жіп иіргенде қазақтың әйелдері оңнан солға қарай иіреді. Солдан оңға қарай иіруге олардың табиғаттары көнбейді, ыңғайлары келмейді. Жазу да осы сияқты. Тек біздің орысша жазып үйреніп қалғандарымыз ғана оңнан жазға алмайды. Сонан соң солдан жазуды мақтап, жорта жылдам жазылады деп, тәжірибесіз демагогтікке салынады».

Елдес Омарұлы: «Мәскеуге барған қазақтың жігіттері мен әйелдерінен қай ұлттан боласың деп сұрасаң, қазақпын деуге арланып, жапонмын дейді», – дей келіп: «Бұл не?! Қазақтан жиренгендік. Ақылы соған өлшенгендік. Латын әрпін аламыз деушілер де қазақтың қазіргі әрпінен жиренеді. Ол олардың орысша үйреніп қалған әдеттерінен шыға алмай, сырты сұлуға еліктегенінен шыққан әдет» – деген қорытынды жасайды.

Елдес: «Біз латынның әрпін аламыз дегенше Иауропаның (Европа дегені) мәдениетін қалай аламыз деп кеңесуіміз керек. Мәдениетсіз біреудің іші қуыс тонын кюдодан пайда шамалы. Біз не нәрсенің де сәніне қызықпай, дәніне қызығуымыз керек... Орынсыз латыншаны ортаға салғанша өз әріптеріміздің кемшілігін толықтыралық, соны қолданалық. Бізді мәдениетке жеткізбей жүрген түрік әліпбиі емес, сондықтан оны жазықсыз құрбан қылудың орны жоқ.»

«Латын әрпін алғаш шығарған латын елі

осы күні мүлде жоқ. Латын бұл кезде жоғалған ел. Осы күнгі Еуропа елі әуелде өзі бастап өздерінің надан кезінде әріпті арабтан үйренген. Олар қазіргі қолданып отырған әріптерінің негізін арабтан алып, бертін келе, мәдениеті өсе келе, араб әрпін өзгертіп алған. Мәдениетті ел өнерді, табиғатты өздеріне икемдеп, сыртқы түрлерін өз ыңғайларына қарап өзгертіп алады. Біз сияқты мәдениетсіз бейшара елдер оны білмейді. Өнерді, мәдениетті, техниканы өз тұрмысына ыңғайландырып, өзгертіп алудың орнына өнерге, табиғатқа өлшеп, өздерін өзгертеміз деп әуреленеді. Егер бұлай болса, бара-бара қазақтың тілін де өзгертеміз дер. Енді сөзімді басқа ойға бытыратуды осымен тоқтатып, Әбдірахманның баяндамасына келейін. Әбдірахман «басқа күншығыс елдерінің бәрі де латын әрпіне көшті. Біздің олардан қалып қоюымызға болмайды», – дейді. Басқа: әзірбайжан, қырғыз, өзбек сияқты елдердің латын әрпіне көшеміз деп дайындалып жатқаны рас. Бірақ, олар көшті деп, біздің ойламай, ауыр мен жеңілді салыстырмай көшуіміздің керегі жоқ. Әуелі сол латын әрпін алған елдер неге алып отыр? Алуларына қандай себептер болды? Олардағы себеп бізде бар ма? Міне, осы мәселелерді шешуіміз керек» деген Елдес сөзі Ақаң ойымен сабақтас, өзектес.

Бейсенбай Кенжебаев «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» деп аталатын кітабында «Айқап» журналының алғашқы шығарушысы Мұхаметжан Серәлин ролін ерекше бағалайды. «Журнал шығарудағы мақсатымыз тек қана жұрттың көзі, құлағы болмақ еді» – деген Серәлин сөзін кейін Ахмет Байтұрсынов іліп алып кеткенін білеміз.

Қазақ басылымдары арасында ұлт ұйтқысы болуға талпыныс жасаған және діттеген мақсатына жеткен басылым «Қазақ» газеті болатын. Орынбордағы қазақ шәкірттері ынтасымен және қолдауымен жарық көрген газеттің ыстығына күйіп, суығына тонған қазақ болған. «Қазақ» газеті жабылып қалар қысылтаяң сәт туғанда айыбын төлеп, Ақаңды абақтыдан құтқарып қалған қазақ оқығандарының іс-әрекеті олардың Ахмет Байтұрсыновтың жеке тұлғасына деген құрметін ғана емес, сонымен бірге газетке деген сүйіспеншілігін де көрсетсе керек.

«Біздің газетіміздің таңбасы «Қазақ», яғни қазақтығымызды сақтау Қазақтық әрине аты мен тілі жоғалмаса сақталады. Бұл айтқанымыз русша (орысша), я басқаша оқымасын деген емес, русша тілін де білу керек. Бірақ өз тілінен жиренбеске керек деген сөз. Тұтынбаған нәрсе жоғалады. Он жыл, он бес жыл еңбек етіп, қиналып рус яки әдеби тілдерді үйренгендерге өз тілімен жазуды үйрену қиын деп ешкім айта алмас» деген Ақан сөзі тағы ойға оралады. Қостанайлық Уәлиолла Халили «Айқап» журналында жарық көрген «Тіл сақтаушылық» деген мақаласында: «Бізге бұл күнде басшы болған, халыққа үлгі көргізген жігіттеріміз жоқ емес қой. Мынау «Маса» мен «Қырық мысалды» жазушы Ахмет Байтұрсынов секілді ерлерді халық қызметшісі деуге болады» – деп жазады.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, араб таңбасы – Ақаң «Әліпбиінің» негізі, төте жазу сол кездегі қазақ баласының сауатын ашуда тура жол болды. Бұл жазуды келешекте пайдалана білу ешуақыт маңызын жоймақ емес.

Ұлттық құндылықтарды сақтау-ұрпақ парызы



Л.Толстой атындағы Қостанай облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасында бұқаралық және көрме жұмыстары бөлімінің ұйымдастыруымен «Ұлттық құндылықтарды сақтау» тақырыбында ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Ақылбек Шаяхметпен кездесу өтті. Іс-шараға қаламыздағы жоғары оқу орындарының белсенді студенттері қатысты.

Аталған кездесу «Қоғамдық лекция. Қостанай» жобасының аясында ұйымдастырылып отыр. Белгілі ақын Ақылбек Шаяхмет ұлттық құндылықтарды сақтау және дәріптеу туралы мәнді де мағыналы ой-пікірімен бөлісті.

«Ұлттық құндылықтарды қазақтың кез келген перзенті сақтауы керек. Мысалға тілді қазақтың қызы сақтайды деп есептеймін. Өйткені, орыста – родной язык, татарда – туған тіл, бізде – ана тіл. Қыз барған жерінде баланы бесікке бөлеп, бесік жырын айтады. Баланы әрі қарай тәрбиелейтін – ана. Әкенің ролін жоққа шығармаймын. Ер адам түзде жүреді. Ал, енді, қызымыз қытайға, түрікке кетсе, не болғаны?», - деді Ақылбек Шаяхмет.

Кездесу барысында ақын ағамыз жастардың қойған сауалдарына жауап беріп отырды. Жас толқын «Қостанайдағы кезек күттірмейтін үш мәселені атаңыз?» деп сұрағанда Ақылбек Қожаұлы:

- Бірінші, тіл мәселесі. Екіншісі, тарихи жер-су атауларын қайтару жайы. Мысалға, осыдан он бес жыл бұрын Қостанай облысының картасын жасап, ежелгі тарихи атауларын қағазға түсірдік. Сонда

Рудныйдың аты – Сарыбай, Затоболдың аты – Құттыалап, Таран-Әйет, Аманкелді-Батпаққара, Жанкелдин-Торғай, Боровской-Меңдіқара, Урицкий – Сарыкөл, Денисов-Түйемойнақ болатын. Өңірдегі бірнеше ауданның аттарын өзгертіп үлгердік. Өкінішке қарай, бәрін ауыстыра алмадық. Үшіншісі, мәдениет. Осы күні қаладағы мерекелік іс-шараларға шетелден әнші шақыртамыз. Бізге керек емес нәрсені жасаймыз, - деді А.Шаяхмет.

Жиналған жастар ақынның студенттік шағындағы естеліктері мен танымдық әңгімелерін ұйып тыңдады. Әсіресе, коньки туралы түсініктемесі әсерлі еді.

- Британ мұражайында сақтаулы тұрған алты жұп коньки Қостанай қаласының маңайынан табылған. Орыстың «конь» сөзінің мағынасы атқа қону, яғни, салт атпен жүру дегенді білдіреді. Яғни, коньки (қоң, ки) – атқа мінгендей қон және аяғыңа ки деп тұрған жоқ па? Қазақ конькиінің тағы бір түрі «сойшаңғы» деп аталған. Оны көбінесе аңшылар пайдаланған. Сойшаңғы жылқының жіліншігін екі бөліп, екі басын қайқайтып, егеу арқылы жасалған. Қазақтар көк мұзда сырғанаптың сырғытпа немесе сойшаңғы деп атаған конькидің өзі қазақ даласында, Тобыл жағасында табылып отыр. Бұл кездейсоқтық емес, - деді белгілі ақын.

Қ.МҰРАТБЕКҚЫЗЫ.

Суретте: ақын А.Шаяхмет жас оқырмандардың ортасында.

Ән көгінде қалықтаған



Белгілі этнограф-ғалым Григорий Потаниннен «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай болып көрінеді» деген сөз қалыпты. Орыс ғалымының бұлай таңдануына негіз бар. Туған өлкеміздің қай қиырында да «құлақтан кіріп, бойды алатын» музыкалық мұралар кездеседі. Еліміздің әр өңірінде қалыптасқан ән-күй мектептері соған дәлел. Көңілді көтеріп, шабытқа дем беретін қазақ әндерінің құдіретін Қостанай қаласында өткен кезекті концертке барғанда тағы бір мәрте сезінгендей болдық. Бұл жолы облысымыздағы белгілі әнші Гүлбану Абдуллинаның шығармашылық кешіне қатысып, өнер иесімен сұқбаттасқан едік.

- Өзіңіз жайлы айта өтсеңіз?

-Мен Жітіқара қаласының тумасымын. Кейіннен Ресей Федерациясына қоныс аудардық. Мен сол жерде мектепте оқыдым. Орта мектепті бітіргеннен кейін Алматы қаласындағы Петр Ильич атындағы музыкалық училищені тәмамдадым. Музыкалық училищедегі дерекцияның шешімімен Алматыдағы Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясына түсіп, бес жыл оқып шықтым. Консерваторияның оқу жүйесі бойынша мені Қостанайдағы Елубай Өмірзақов атындағы облыстық филармонияға жіберді. Негізі мені Алматы облысындағы Опера театрына қалдырған болатын. Мен өзімнің туған жерім Қостанайды таңдадым. Міне, содан бері жиырма алты жыл зулап өте шығыпты. Бүгінге дейін облыстық филармонияда жұмыс істеп келемін. Әріптестерімді, еңбек етіп жүрген ұжымымды қатты жақсы көремін. Біз шығармашылық адамы болғаннан кейін алдағы уақытта әріптестерімізбен бірігісіп, халыққа ерекше форматта іс-шара ұйымдастырмақ ниеттеміз. Мен өз әріптестерімді нағыз талант иелері деп нық сеніммен, мақтанышпен айта аламын.

- Ең алғаш сахнаға шыққан сәтіңіз есіңізде ме?

-Алғашқы дүнианың бәрі ыстық. Сондықтан есте

сақталып, мәңгіге жатталады. Бала кезімде туыс-туғандарымның алдында, үйдегілердің бәрін жинап алып ән айтатынымын. Ортаға орындық қойып, сол орындықтың үстіне мініп алып шырқай ала жөнелемін. Сол сәт менің есімнен ешқашан кетпейді. Менің алғашқы сахнам, алғашқы көрермендерім сол кез.

- Жеке шығармашылық кешіңізді жиі өткізесіз бе?

-Қостанай қаласына 1991 жылы келгеннен бері, әр төрт жыл сайын өзімнің шығармашылық кешімді өткіземін. Осылайша әдемі дәстүрге айналып кетті.

-Қазіргі жас әншілерге көңіліңіз тола ма?

-Әрине, көңілім толады. "Неге?" десеңіз, қазір та-



лантты жас әншілер өсіп келеді. Біздің облысымызда жыл сайын балаларға арналған халықаралық «Алтын микрофон» байқауы ұйымдастырылады. Сол байқауға келген жас таланттардың өнеріне тәнті болып, таңдай қағамын. Сондай өнерлі өркендердің барына қуанамын. Жастар әлемдік хитқа айналған әндерді өз нақышына келтіріп, жүрекпен сезініп айтқанда еріксіз риза боламын.

Әсел ҚИБАШ,
А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың журна-
листика мамандығының
3-курс студенті.

Алаш аманатын сезініп жүрміз бе?

Алаш қайраткерлері ағартушылықпен айналысып, ел ішіндегі сауатсыздықпен аянбай күресті. Қазақтың арда азаматтарының өшпес өнегесін кейінгі ұрпақ ұмытпайды. Ұмыту мүмкін емес. Алаш ардақтыларының халық үшін жасаған әрекеті ерлікпен пара пар. Ұлттық демократиялық қозғалыс тарихындағы осынау елеулі кезеңнің естеліктерін жинап, бабаларға тағзым жасауда Елдос Тоқтарбай есімді жас талмай еңбектеніп, ізденіп жүр. Жақында кейіпкерімізге арнайы хабарласып, азды-кемді сұқбаттасқан едік.

-Алаш арыстарын ұлықтау, олардан қалған асыл мұраны зерделеу идеясы қашан, қалай басталды?

-1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін бірте-бірте қылышынан қан тамған КСРО-ның шаңырағы шайқалып, билігі әлсірей бастады. 1987-1988 жылдары Сталиндік репрессияға ұшырап, нақақтан-нақақ өлім құшқан Алаш зиялыларының, қазақтың асыл азаматтарының есімдері ұлықталып, олардың істері қайта қаралап, КСРО-ның Бас прокуроры ақталды. Бұны: «Өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілді» деп жақсылыққа балаған еді. Расымен де, сол уақыттан бері Алаш зиялыларының мұралары жинастырылып, Алаш тарихын кеңінен қарап, ауқымды түрде зерттеу, зерделеу ісі қолға алынды. Міне, сол уақыттан бері Алаш тарихы күннен-күнге жаңаша қаралып, жаңаша сипатта дамып келеді.

Алаш тарихын қарастырудың көш басында С.Зиманов, Т.Кәкішұлы, М.Базарбаев, Р.Сыздық, К.Нұрпейіс, Р.Нұрғали, Ү.Субханбердина, М.Қойгелді, Т.Жұртбай, Н.Омашев, А.Ісімақова, Д.Аманжолова, Д.Қамзабекұлы, Ш.Құрманбайұлы, Е.Тілешов, Қ.Сақ, С.Аққұлы, К.Ілиясова сынды т.б. ғалымдарымыз тұр. Міне, осы азаматтар Алаш мұрасын түгендеп, жоғын жоқтаған болатын. Ал, қазіргі уақытта С.Құрманова, М.Қозыбаева, А.Сайлауқызы, Е.Рахметуллин, Е.Шағимолдин, Д.Ибраев, Н.Құдайбергенов, Ү.Сейдрахманұлы секілді замандастарым да бұл салаға белсене араласып келеді. Бұл – қуанарлық жайт. Себебі, алдыңғы буын алаштанушылардың алды 70-тен асса, соңы қырықтың қырқасына шығып отыр. Ал, жастар – кадр тапшылығын шешуге, жемісті жұмысты ары қарай жалғастыруға сеп болады. Алаш мұрасына адал жастардың көбеюі – отандық ғылымның өсуінің кепілі.

-Алаш қайраткерлерін насихаттау бағытындағы алдыңызға қойған мақсат-мұратыңыз қандай?

Мен үшін Алаш тақырыбы, Алаш мәселесі, Алаш әдебиеті – қасиетті һәм қастерлі, қадірлі ұғым. Алаштың сәулесі – қазақтың рухы! Бұл бір өткір семсер сықылды: дұрыс ұстамасаң – басыңды жұтып тынасың, дұрыс ұстай алсаң – құт қонып, бақ дариды. Алаштың сәулесі – бүгінгі мұқым қазақты баталастырар, бөтуаластырар сәуле!

Міржақып Дулатұлы: «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт – оқуда. Теңдікке жетсек те,



жұрттығымызды сақтасақ та, дүниеден сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз – оқу» – деген. Иә, қашан да, қай заманда болсың, оқу деген – әлемнің кілті. Үлкен бір арманым – Алаш мұрасын шет елдің азаматтарына дәріптеу. Бұл жолда атақ шығарып, марапат күтіп, елден немесе биліктен мақтау дәмету үшін емес, ата-бабаларымның алдындағы перзенттік парызымды өтегім келеді. Барлыбек Сыртанұлы атындағы мектепті бітірген соң, әмбе қасиетті Торғай даласындағы Ыбырай Алтынсары есімін иеленген пединститутта оқып, Ахмет, Міржақып, Нәзипа сынды алыптар дүниеге келген жердің топырағын басып, ауасын жұтқаннан соң, «Алаш» тақырыбына адал болу қажет! Оның үстіне, адам баласы өмір бойы ізденіп, оқып өтеді. Өмірдің көптеген жұмбақ, сауалдарының жауабын шешу үшін ізденеді. Еліміздің дамуына қосар үлесіміз алда деп ойлаймын. Бүгіннен бастап болашақтың бір кірпіші болып қаланып, ендігі ғұмырымызды ғылым жолына бағыштадық.

Мен әдебиетші болғандықтан, көбіне-көп тарихтың тасасында қалған, өзіне лайық бағасын алмаған тарихи тұлғалар жайлы жазып жүрмін. «Мезгілсіз, мерекесіз өткендердің әруағы бізді де айт деп сыбырлайды» (Иса Байзақов) деген ой үнемі жанымды жиі мазалап, миымды қажайды. Мақсатым сол – Алаш тарихындағы есімі көпке белгісіз немесе ұмыт қалған есімдерді тірілту, халыққа насихаттау. Біз қашан да, қай заман да болсын алдыңғы буынға, әсіресе, ұлт бостандығы жолында опат болған боздақтардың әруағы алдында борыштармыз. Дүниеден өткен адамның алдындағы қарызымызды оның фәни ғұмырында атқарған қызметі мен өнегелі ісін жастарға дәріптеу арқылы қайтарамыз, яки рухына арнап құран бағыштап, дұға жасаймыз. Меніңше, бұдан басқа амал да жоқ.

-Ардақтылар өздеріне лайықты бағаларын алды ма? Біз нені ескермей жүрміз?

-Задында, Алаш қозғалысы – ауқымды кеңістікті қамтитын аса күрделі тарихи құбылыс. Біз, қазақ халқы әлі күнге дейін Алаш заманындағы зиялы-

ларды жетік біле бермейміз. Мен, бұл ретте халықты кінәлап, оларға кінә артпаймын. Себебі, біз 70 жылға жуық социалистік идеологияның отарлау езгісінде болдық. Қанқұмар, қаны бұзық коммунистер қазақтың рухани коды болған элитасын қырып-жойып, тамырынан кесіп тынды. Тамыр үзілген соң, тіршіліктен нәр кететіні анық. Діңгексіз қалған елдің болашағы бұлыңғыр болды. Сүт қаймағын қалқып алған соң, ұлттық сипат өзгеріп, бүгежек буын пайда болды. Міне, осындай келеңсіздіктерден соң, кім-кімді түгендеп, кімді оқи қойсын? Оның үстіне олары «халық жауы» болса, тіпті, оқу тұрмақ, есімдерін айтуының өзі – ауыр қылмыспен пара-пар еді.

Ал, қазіргі заман – шүкір, егемендік алған еркін елміз, десек те, жаңа технологиялар алғашқы шепке шығып, шартарап тегіс инновацияланып тұрғанында, руханияттың шегесі босады. Небәрі 26 жылдық тарихы бар егемендіктің аясында бірқатар тұлғаларымыздың еңбектері жарыққа шықты, алайда, ұзын саны 1000, 2000 дана таралыммен жарық көрген кітаптар 17 млн астам халыққа түгел жетті деп кім айта алады? Осы жағынан алғанда, әлі де болса, төл тарихымызды бес саусақтай тарқатып, сайрай алмаймыз! Бұл – ақиқат! Егер, «осың өтірік!» дегендер болып жатса, баспасөз арқылы «жекпе-жек» ұйымдастырсын, көрейік меселін.

Алаш идеясын ұғу, Алаш қайраткерлерін тану деген – олардың кітаптарын оқу немесе ұпай жинау үшін өткізілетін конференция, дөңгелек үстел тағысын тағы іс-шараларды ұйымдастыру ғана емес, керісінше, Алаш қайраткерлері айтқан асыл сөздерді Парламент мінберінде, Үкімет кеңсесінде жаңғырту. Шіркін-ай, бір депутат «Алаш қайраткері Ә.Бөкейхан былай депті», «Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының мына сөзін ескерсек» деп Парламент мінберінде тұрып сауал жолдауына болар еді ғой. Үкімет мүшелері асылдың ақ жолымен жүріп, солардың көрсеткен, нұсқаған идеясынан тағылым іздеп, басшылыққа алса, қазақтың бағы жанып, көші түзелер ме еді. Міне, ең алдымен осыны ескеруіміз керек! Егер, Үкімет, Парламент Алаш аманатын сезінсе, қара халық соларға қарап бой түзері анық.

Қазақ әдебиеті тарихындағы түрме шығармашылығы тақырыбын қаузадыңыз. Оған не түрткі болды? Сол кезеңнің поэзиясы туралы білер сөз.

Сөздің шынын айтайын, мені алашшыл қылып тәрбиелеген бірінші әжем – Зейнеп, мектептегі мұғалімім – Қарлығаш апайым, сосын – Айбек ұстазым. Осы үш саялы бейтерегім жүрегіме Алаш қайраткерлерінің қыран рухын сыйдырып, көңіл зердесіне Алаш идеясын тоқытқан болатын. Ал, «Түрме шығармашылығы» тақырыбына келуіме бірден-бір себепкер – ғылыми жетекшім әрі ұстазым Айбек Киікбайұлы. Осы кісінің тікелей тапсырмасымен бұрын-соңды сөз болмаған, тіпті, бір мақала жазылмаған тың тақырыпты қолға алып, бас-аяғы төрт жылдың ішінде шағын танымдық мақала ретінде бастап, 15 баспа табақтық монографиялық ғылыми-зерттеу еңбегін жазып шықтық.

Қазіргі уақытта «Тағдырлы жылдар, тағдырлы жырлар» (түрмеде жазылған жырлар), «Үзілген өн» (қуғын-сүргінде туған әндер) антологиялары мен «Қазақ әдебиетіндегі түрме және саяси эмиграция

тақырыбы», зерттеу еңбегі, «Жарық сәуле» әдеби мақалалар жинағы, «Түрме тілі» сөздігін даярлап отырмын. Әрқайсысы 30-35 баспа табақтық бұл қолжазбаларымды кітап ретінде шығарайын десем, қалтам тесік болып тұр.

Әлем әдебиетінің тарихында «түрме поэзиясы», «түрме прозасы», «лагерь шығармалары» деген түсінік бар. Әмбе ғылыми айналымға түскен тақырып қой. Қазақтың алмағайып аласапыран тағдырында ұлт қамы үшін басын қатерге тіккен ұлтшылдар қаншама болғанын білесіз бе? Санасаң тіпті саусағың жетпейді. Ер жүрек қабылан азаматтардың тар қапаста жазған жырлары, бұғауда жазылған жырлары, тас қапасты жарып шыққан отты сөздері – түрме әдебиеті дегеннің өзі емес пе. Алла қаласа, бұндай шығармаларды оқырманның назарына ұсынатын күн туарына сенемін.

«Әуестігім – кітап жинау» депсіз бір мақалаңызда. Жеке кітапханаңыз бар ма? Сүйікті авторларыңызды атаңызшы. Жастанып оқитын кітабыңыз қандай?

– Екі жасымнан бастап нағашы атам мен әжемнің тәрбиесінде өсіппін. Екеуінің де көзі ашық, оқығантақығаны көп еді. Атам 5 жасымнан бастап ізгілік жолына салып, араб қарпін танытып, құран сүрелерін жаттатты. Әжем кітап оқуға, әсіресе, көркем әдеби басылымдарды оқуға үйретті. Менің қуанышым – ата-әжемнің институтынан жетіліп, машықтанғаным. Үлкен нағашы атам – Тоқтарбай ақсақал өз заманының сауатты, зиялысы болған екен. Есеп-қисапқа жүйрік, сөзі – адуынды, айбынды, шешен адам болыпты. Осы кісілердің жақсылығы дарыған шығар, әйтеуір, азды-көпті кітап жинап, жеке кітапханамызды ұйымдастырып жүрміз. Нақты кітап санын айтқым келмейді. Әбден толысып, қалыптасқанымда айта жатармын.

Сүйікті жазушыларым – М.Мағауин, С.Мұратбеков, Қ.Ысқақ, О.Бөкей, Д.Әшімханұлы. Ақыным – С.Есөнін, М.Мақатаев, Т.Айбергенов, А.Естен. Ең сүйікті кітабым – «Қобыз сарыны» (М.Мағауин). Бойыма түркілік, алаштық рух беретін, миллет қамын ойлауға жүктейтін белгісіз бір құдіреті бар тылсымы күшті кітап өзі.

Жуырда «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» атты ғылыми жинақ жарық көрді. Туындының ерекшелігіне, мән-маңызына тоқталсаңыз.

– Бұл – менің жеке авторлығыммен шыққан еңбек емес. Бұл – Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясының төл жобасы. Дұрысы – мегажобасы. Осылай дегенім – дұрыс болар. Жинақтың бас редакторы әрі идея авторы – ҚР Мәдениет қайраткері, белгілі журналист, «Ақ жол» ҚДП-ның бас идеологы Сәбит Байдалы. Осы ағамыздың арнайы ұсынысымен осы жинақты бірігіп, құрастырып шықтық. Жинақтың басты ерекшелігі сол – егіз кітап (twinbook) форматында шығуы. Жинаққа Алаш мұрасын зерттеп, «Ақ жол» ҚДП-ның аталмыш бейгесінен топ жарып, жеңімпаз атанған жас ғалымдардың мақалалары, аға буын ғалымдардың зерттеулері енді. Қысқасы, Алаш мұрасын танытуға, насихаттауға әркім өзінің қолынан келгенінше қызмет етуі керек деп ойлаймын.

– Сұқбатыңызға рахмет.

Сұқбаттасқан Қ. ДОСЖАНОВА

Дұрыс таңдау жасау өз қолыңда

1. Өмірден көргенінен түйгені мол дана қариялардан, мәпелеп өсірген ата - аналарынан және ұлағатты ұстаздарынан қазақ жастарының өте маңызды мәселелер бойынша ақыл - кеңес сұрамауы және аяулы ата -- аналарының жандары ашып айтқан дұрыс пікірлері мен ақыл – кеңестерін ынтасыз тыңдап, мүлде орындамаулары - бұл жастардың бірінші қателігі.

Өмірдегі тәжірибесі азырақ, ал білетінінен білмейтіндері әлдеқайда көбірек болғандықтан, қазақ жастары: « Адам ата - анадан туғанда есті болмайды. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады»-деген данышпан бабамыз Абайдың ұлағатты өсиетін орынымен пайдаланса және білімді кісілермен жиі ақылдасып, айтқандарын бұлжытпай орындаса, сонда ғана жастардың білмейтіндігі олардың дұрыс шешім қабылдауына ешқандай кедергі болмайды.

Ал егер өздері ештеңе білмейтін қазақ жастары бүкіл әлемді мойындатқан ұлы ақынымыз Абай бабамыздың: «Қазақ ақылсыздығынан азбайды, ақылдының сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, төзімділіктің жоқтығынан азады»-деген керемет сөзінен мүлде бейхабар болып, есті адаммен ақылдасуды қажет деп санамаса, жаны ашып, дұрыс ақыл – кеңес берген кісілердің айтқан ақылдарын тыңдамаса, көрсеткен сара жолымен жүрмесе және өзінің шала ақылымен маңызды шешімдер қабылдайтын болса, онда ол шешімдердің қате болатындығын дәлелдеу қажет емес шығар?! Әрине, қабылдаған шешімдері, атқарған істері және жасаған қорытындысы үнемі қате болатын жастардың абырой – беделден мүлде жұрдай болып, ешбір адам оларды сыйламайтыны, бірге туған бауырларының, жұбайы мен бала – шағасының алдында да қадірі әбден қашатыны, демек, азып -- тозып кететіні айтпаса да түсінікті шығар?! Сондықтан болар, «Ең жаман қарғысты білесіз бе?» - деп сұраған кісіге данышпан қария ол: «Өзің білме, білгеннің тілін алма»-деген мақал ғой деп жауап беріпті. Демек, өздері білмейтін және өмірде көргендерінен түйгені мол дана кісілермен ақылдаспайтын жастарда б о л а ш а қ жоқ.

Түн ұйқысын төрт бөліп, аялап баққан анасы мен қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай қамқор болған әкесінің ұзақ жылғы тынымсыз еңбектерін бағаламау, аяулы ата – анасының алдындағы балалық парызын өтеу әрбір ержеткен жігіт пен бойжеткен қыздың қасиетті борышы екенін түсінбеу және қадірлі анасы мен әкесінің жандары ашып айтқан ақылдарын тыңдамау - баланың көргенсіздігін байқатады және өте үлкен күнә болып есептеледі. Ұзақ жылдар бойы мәпелеп баққан аяулы ата – анасын, өз қолы

өзінің ауызына жетіп, ержеткен соң, сыйлауға ақылы жетпеген жігіттен ешқандай жақсылық күтуге болмайды. «Ұа, ұлы жаратушы Раббымыз ! Маған бала беріңіз, бала берсеңіз ол балаға сана беріңіз, сана бермесек, оларды шетінен ала беріңіз»- деген ұлағатты сөзді дана бабаларымыз бекерден - бекер айтпаған болар?! Мұндай ұятсыз жігітке ғашық болып, күйеуге шыққан және ол жігіттен бала сүйген келіншек бақытсыз. Ата - анасын ерекше силап, қартайған кезде ол кісілерді мәпелеп бағу арқылы өзінің баласына тәрбиелік мәні зор үлгі - өнеге көрсете алмайтын ақымақ әкеден туған бала бақытсыз. Маңдайынан бір шертпей, еркеліктерін көтеріп, салалы білім мен өнегелі тәрбие беріп, мейірімдерін төгіп өсірген баласы есейгенде аяулы ата – анасын құрметтеуге және сәбилік парыздарын қайтаруға жарамай, күткен үміттерін ақтамаса, мұндай ұл мен қыз өсірген ата - ана бақытсыз. Алған білімдері мен бойындағы күш – қайратың, тепсе темір үзетін қылшылдаған жас кезінде, ұлтының мүдделерін қорғаудың орнына, сүйікті елі мен туған жерінің абыройын асқақтатып, көркейе түсуіне қомақты үлес қосудың орнына жеке басы мен бала - шағасының қамын ғана күйттеуден басқаны ойламайтын шала есті ұлдары мен ұятсыз қыздарына үміт артып отырған халық бақытсыз. Батыр бабаларымыздың туған жерімізді жаудан қорғау кезінде талай рет көрсеткен көзсіз ерліктерін, ел басына күн туар заман келсе, қазақ жастары ойланбастан қайталауға дайын болу үшін, қазақ халқын бодандықтан босатып, еліне тәуелсіздік өперу жолында жастай құрбан болған Алаш арыстарының өнегелі өмірі мен ұлағатты сөздерінен қазақ жастары мол үлгі - өнеге алу үшін, текті бабаларымыздан ұрпағына мирас болып қалған озық әдет – ғұрыптарымызды және өсиет сөздері мен бабалар аманатын бұлжытпай орындау – ұлтымыздың болашағы жарқын болуы үшін ауадай қажет маңызды шарттардың бірі екендігін жастардың санасына сіңіру үшін қазақтың қыздары мен жігіттеріне өнегелі тәлім – тәрбие беріп, шынайы білімнің нәрімен сусындатып жүрген ұлағатты ұстаздың айтқан сөздерін үміт артып отырған шәкірттері түсінбесе және берген тапсырмаларын орындамаса, онда ұстаздың ұзақ жылғы еңбегінің зая кеткені, үмітінің ақталмағаны. Демек, оқып-үйренуге ынтасы шамалы ақпақұлақ шәкірттерге үміт артқан ұстаз бақытсыз. Жас кезінен бастап інісін қанатының астына алып, буындары бекіп, қанаттары қатайып кеткенше қамқор болған асқар таудай ағасының сіңірген еңбегін бағалау және ағасының алдындағы інілік парызын өтеу қолынан келмейтін ынжық әрі намыстан жұрдай інісі үшін ағайыннан ұялатын ағасы бақытсыз.

2.Бойларында көптеген кемшіліктер мен қателіктердің бар екендігін бүгінгі қазақ жастарының мойындамаулары және өздерінің кемшіліктерін жоюға, қателіктерін түзетуге мүлде ұмтылмаулары - бұл жастардың е к і н ш і қателігі.

«Бойдағы мінді санасам, тау тасынан аз емес»- деп ұлы ақын Абай айтқандай, кез-- келген адамның мінезінде кемшіліктер, айтқан пікірлері мен өмірге көзқарасында, әсіресе жас кезінде, қателіктер көп болуы мүмкін. Бұл жиі кездесетін жағдай және қателігіңді бетіңе айтқан жанашыр кісіге ашулану - ақымақтықтың белгісі. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» - деген ұлағатты сөздің терең мағынасын түсінетін және қазақ халқының сыйлы азаматтарының қатарын толықтырғысы келетін білімді жастар әділ сын айтқан кісіге ақ ниетімен алғысын білдіріп, өзінің кемшіліктерін жояды, жіберген қателіктерін түзетеді және болашақта қайталамауға тырысады. «Адасқанның алды - жөн, арты-- соқпақ»- деп дана бабамыз Абай айтқандай, мінезіндегі кемшіліктерін, пікірлері мен атқарған істерінде кететін қателіктерін жастар түгілі ересек адамның өзі де дер кезінде байқамай, көп уақыт өткен соң, басына тигенде ғана, қандай қателік жібергенін аңғаруы мүмкін. Ең өкініштісі, ештеңе бүлініп қалмай тұрғанда, ешбір адамға зияны тимей тұрған дер кезінде өздерінің қателіктерін байқап, тез арада сол қателіктерді түзетіп жіберуге жастардың ақыл - парасаттары мен білімдері жетпейді де, батыс елдерінің өгей мәдениетіне басын иетін және өткінші құндылықтарға негізделген өмір сүру ережесін пайдаланатын қазақтың жігіттері мен қыздарын, асылдың сынығы, тұлпардың тұяғы- данышпан қариялардан ақыл – кеңес сұрап алуға, ж а л ғ а н н а м ы с жібермейді.

Қазақ жастарына алдарына қойған биік мақсаттарға жетуге және құрбылары мен сын көзбен қарайтын көзі ашық, көкірегі ояу зиялы кісілердің алдында сөзі өтімді әрі сыйлы болуға кедергі болып жүрген басты ж а у - жастардың мінезіндегі кемшіліктер мен өте маңызды мәселелер туралы пікірлері мен қабылдаған шешімдерінде және атқарып жүрген істерінде жиірек кететін қателіктер. Әрине, өзінің кемшіліктері мен жиі кететін қателіктерінің орын алу себептерін жан - жақты талдап, өте терең зерттеудің және дана кісілерден ақыл - кеңес сұраудың арқасында қазақ жастары мінезіндегі кемшіліктерді жоймаса, сөздері мен істерінде жиі қайталанатын қателіктерді түзете алмаса, онда негізгі жауын жеңе алмаған жігіттер мен қыздар ең жақын адамдарының алдында да абырой – беделден жұрдай болып, берген уәделеріне ешбір адам сенбейтін, айтқандарын ешкім тыңдамайтын жексұрындар қатарын толықтырады. Жарқын болашақтан үміті бар қазақ жастары осындай өте ұят жағдайға тап болмас үшін сенімдерін мүлде ақтамаған және алпауыт мемлекеттер тынымсыз насихаттап отырған батыстың өмір сүру қағидалары мен жалған құндылықтарынан тез арада бас тартып, оның орнына бабаларымызға бірнеше ғасыр бойы намысты қолдан бермейтін, аяулы анасы мен қадірлі әкесін патшасындай сыйлайтын, сүйікті елі мен туған жерінің абырой

– беделі мен мүдделерін қызғыштай қорғайтын дені сау, саналы, адамгершілігі мол, сезімдерін нұрлы ақылға толық бағындыра алатын, берген сертіне берік, жауынан қайтпайтын тамаша ұрпақ тәрбиелеп өсіруге мүмкіндік берген ұлттық озық әдет – ғұрыптарымыз бен абыз бабаларымыздың өсиет сөздерін қазақ жастары шын пейілімен мойындаса және бұлжытпай орындаса, сонда ғана данышпан бабаларымыз көрсетіп кеткен сара жолға түскен жастарға абыройлы да бақытты өмірдің есігі айқара ашылатынына сенім мол.

3.Қазақ жастарының жеке басына қоятын талаптарының деңгейі өте төмен болуы және барлық парыздарын абыроймен өтеу, аяулы ата – анасы мен сүйікті халқының үкілі үміттерін ақтау - әрбір адамның қасиетті б о р ы ш ы екенін мүлде ескермей, алаңсыз ө м і р сүруі - бұл жастардың ү ш і н ш і қателігі.

Қазақ жастарының өзінің қасындағы адамдарға қоятын талаптары өте жоғары деңгейде болады да, басқа кісілердің жастарға қоятын талап - тілектері мен артатын үміттерінің батпандай ауыр салмағын сезінуге көптеген қыз – жігіттердің ақыл – парасаттары мен білімдері жете бермейді. «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Әуелі – надандық, екінші- еріншектік, үшінші--- залымдық»- деп ескерткен данышпан Абайдың өсиетіне құлақ аспаған қазақ жастары міндетті түрде өтеуге тиіс өте маңызды борыштарын білмегендіктен, жігіттер мен қыздардың өздеріне қоятын талаптарының деңгейі өте т ө м е н болады. Нәтижесінде, болашақта алдарынан күтіп тұрған қасиетті парыздарды қайтаратын уақыт келгенде жастар борыштарын өтеуге мүлде дайын болмай шығады. Үміттері ақталмаған аяулы ата – аналары, жақын туыстары мен ағайындарының және сол кісілердің көңілдерінен шығу ойы түгілі, түсіне де кірмей, жеке қарақан басының қамымен ғана өмірін өткізіп жүрген «көкірегінде сәулесі жоқ» жастардың арасында үлкен қайшылықтар туындайды, реніштер орын алады. Қазақ жастары мен оларға сеніп, үміт артып отырған үлкен кісілердің арасындағы қайшылықтар мүлде шешілмесе және туыс адамдарының үміттерін жастар ақтамаса, онда екі жаққа да ауыр тиетін өте қиын шешімдер қабылдауға тура келеді. Атап айтар болсақ, келіні мен қайын енесінің арасындағы қайшылықтар уақытында шешілмесе, онда отау көтерген жас қыз бен жігітке айырылысуға тура келеді де, балалары әкесіз, көздері жаудырап, жетім қалады, ал жас келіншек, сүйіп қосылған күйеуі аман– сау жүргенде, жесір әйел атанады. Сол секілді, мәпелеп баққан аяулы анасы және қамқор болған асқар таудай әкесі мен олардың мәпелеп баққан баласының арасындағы түсінбеушіліктер дер кезінде жойылмаса, онда жастар аяулы ата-- анасының көңілдерін қатты қалдыруы және сүйікті анасы мен әкесін ешқашан көшірместей ренжітіп алулары мүмкін. «Ұлы жаратушы Раббымызды разы еткісі келген пенде әуелі өзінің анасы мен әкесін қуантып, ақ баталарын алуы керек»- деген пайғамбарлардан қалған ұлағатты өсиет бар. Сондықтан, мәпелеп өсірген сүйікті ата – анасын туған баласының ренжітуі—

кешірілмес күнә екенін саналы қазақ жастары естерінен ешқашан шығармағандары жөн.

4. Қазақ жастары өздерін алда күтіп тұрған көптеген қайшылықтарды шешудің ұтымды жолдарын білмегендіктен, жақын адамдарының абыройы мен мүдделерін ескере отырып, ешкімді ренжітпей, жеке басының абыройы мен мүддесін де ұмытпай, өмірде өте жиі кездесетін қайшылықтарды ең тиімді жолмен шешуге дайын болмауы --- бұл қазақ жастарының төртінші қателігі.

Қазақ жастары жеке басының мүддесін барлық басқа адамдардың мүдделерінен, кейбір жағдайда, аяулы ата – анасы мен бірге туған бауырларының мүдделерінен де жоғары қою арқылы күнделікті өмірде жиі кездесетін мүдделер қайшылықтарын шешуге ұмтылулары --- бұл жастар жиі жіберетін қателіктердің бірі және қайшылықтарды тек ұшықтыруға апаратын, адамды тығырыққа тірейтін алдамшы әрі қате тактика, білместіктің белгісі.

Өмір әрдайым қайшылықтар мен сынақтардан тұрады және аяулы ата – анасы мен туған баласының арасында, бірге туған бауырлардың және ең жақын туыстардың арасында, бірге қызмет атқаратын әріптестердің және қимас достардың арасында мүдделер қайшылықтары жиі кездесуі мүмкін.

Біріншіден, баласына қоятын талаптары зор, артаын үміттері көп ата – анасы мен өзінің парыздарын орындауға құлқы жоқ немесе оларды іске асыруға ақыл – парасаты, білімі мен жігері жете қоймайтын баласының арасындағы қайшылықтар.

Екіншіден, келініне қоятын шарттары өте көп, күтетін үміттері одан да зор қайын атасы мен енесінің және «келіннің парыздарын» орындауға мүлде дайын емес, үйренуге және қателіктерін түзетуге қабілеті жетпейтін келіннің арасындағы қайшылықтар.

Үшіншіден, адамның жеке басының жан дүниесіндегі қайшылықтар, атап айтсақ, нұрлы ақыл мен оттай ыстық жастық сезімдердің арасындағы қайшылықтар, адамгершілік биік сезімдер (ар – ұят, намыс, жауапкершілік, кең пейілділік, сабырлылық, рақымшылық, ұстамдылық, әділдік, мейірбандылық, уәдеге беріктік, төзімділік, сенгіш, қанағатшылдық) және өте қадірсіз пендешілік сезімдер (ашуланшақтық, қызғаншақтық, сараңдық, ұятсыздық, жалқаулық, допылық, көрсеқызарлық, байлыққұмарлық, іштарлық, еріншектік, сатқындық, мақтаншақтық, өсек айту, көре алмаушылық, зұлымдық, өтірік айту, қорқақтық, алдау, сенбеу, немқұрайлылық, арсыздық, арампиғылдық, әділетсіздік, сертте тұрмау) арасындағы сезімдер қайшылықтары.

Төртіншіден, бірге туған ағайынды жігіттердің арасындағы түсінбеушіліктер және бір ананың сүтін емген жігіттер мен олардан туған балалардың арасындағы туыстық ыстық сезімді суытпай, сақтап қалуды ойлаудың орынына, туыстардың татулығынан байлықты жоғары қойған ақымақ келіншектердің, дәлірек айтсақ, абысындардың, арасындағы қайшылықтар.

Бесіншіден, адамның жеке басының мүддесі мен оның азамат ретінде орындауға тиісті қасиетті парыздары мен міндеттері арасындағы мүдделер

қайшылықтары.

Ертерек заманда мұндай қайшылықтарды болдырмауды алдын – ала ойластырған дана қариялар ұлттық озық әдет – ғұрыптарымыз бен данышпан бабаларымыздың өсиет сөздерінің мұхиттай терең мағынасын түсіну және оларды бұлжытпай орындау --- қазақ жастарының ең қасиетті парызы екенін ұлдары мен қыздарының санасына сәби кезінен бастап сіңірген және мүлтіксіз орындауларын қатаң қадағалап отырған.

Барлық парыздарын абыроймен өтеу және жеке басының мүдделерін де ұтымды қорғау, демек, парыздары мен мүдделерін егіз баладай тең ұстай білу-бұл ерекше ақылдылықтың белгісі және саналы қазақ жастарының бойында міндетті түрде болуы тиіс қабілеттердің бірі.

5. Қазақ жастарының рухани азғындауға ұшырауы, ұятты белге буып алып, намысты аяққа таптауы, пендешілік сезімдерін уысында ұстап, нұрлы ақылға бағындыра алмауы, алдамшы боқ дүние байлық үшін ар – ұятын, қолынан келсе, атамекені мен туған жерін де сатып жіберуге дайын жас ұрпақтың өсіп шығуы - бұл жастардың бесінші қателігі.

«Малым --- жанымның садақасы, ал жаным -- арымның садақасы»- деп тектіліктің үлгі - өнегесін көрсетіп, аяулы анасы мен әкесін пайғамбардай сыйлаған дана бабаларымыз, жау шапқанда туған жерімізді ғажайып ерліктер көрсетіп, қасық қандары қалғанша қорғаған батыр бабаларымыз, ұшса қыранның қанаты талатын, шапса тұлпардың тұяғы мүжілетін кең байтақ жерімізді және ұлттық мәдениетіміз бен озық әдет -- ғұрыптарымызды мирас өтіп қалдырған данышпан бабаларымыз, қазақ халқының ең қастерлі құндылықтарының бірі - мемлекетіміздің тәуелсіздігінің негізін қалаған Алаш арыстары үміт артқан бүгінгі білімді ұрпақ егемен елде, бейбіт және тоқшылық заманда өмір сүріп отырғанда рухани азып – тозады, адамгершілік қасиеттерден мүлде жұрдай болып, жауымызды көремет қуантып, достарымызды қатты күйіндіріп, осыншама азғындайды деп ойлады ма екен?

«Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың» --- деген данышпан ақын Абайдың ұлағатты сөзін қажетіне жарата алмаған қазақ жастары қарақан басының қамын ғана ойлап, жүрегінің табалдырығынан әрі аттатуға болмайтын пендешілік сезімдердің жетегінде жүріп өмір сүрудің кесірінен қазақтың қыздары мен жігіттері бойларындағы адамгершілік қасиеттерді жоғалтып, ар – ұят, қадір – қасиет, абырой – беделден айырылып, текті бабаларымыз ғасырлар бойы тірнектеп жинаған қазақ халқының абыройын кейбір ақымақ жастар айрандай төгіп, басқа ұлттардың алдында қазақтарды жерге қаратты, қарабет қылды. Мұндай сорақы қылықтардың орын алу себептері мынау: біріншіден, қызына өнегелі тәрбие беріп, ата – ананың қасиетті парызын орындау қолдарынан келмеген ақымақ шешесі мен әкесі кінәлі; екіншіден, «қызға қырық үйден тию салу керек»-деген бабалар өсиетіне құлақ аспаған ағайындары мен

туыстары және немересіне өнегелі тәрбие бермеген сол әулеттің ақ жаулықты әжелері кінәлі; үшіншіден, мың өліп, мың тірілген қазақ халқының ғажайып ерліктерге толы ұлы тарихынан жас ұрпаққа үлгі - өнеге көрсете алмаған және бабаларымыздан мұра болып қалған озық әдет - ғұрыптарды бұлжытпай орындау - қасиетті парызы екенін қазақ жастарының санасына сіңіре алмаған алтын ұя мектеп пен ұстаздар кінәлі.

6. Ұлттық озық әдет - ғұрыптарымыз бен дана бабаларымыздың өсиет сөздерін қазақ жастары өздерінің өмір сүру қағидалары ретінде қолданбаулары - бұл жастардың алтыншы қателігі.

Ұлттық рухани құндылықтарымыз бен озық әдет - ғұрыптарымызға, туған жері мен сүйікті елін жаудан қорғау кезінде батыр бабаларымыздың талай мәрте көрсеткен ғажайып ерліктеріне, қазақтың ғұламалары мен ақын - жырауларының өсиет сөздеріне негізделген өнегелі тәрбиені қолданудың арқасында қазақ халқы бірнеше ғасыр бойы саналы, адамгершілігі мол, мәпелеп баққан ата - анасын пайғамбардай сыйлайтын, сүйікті ұлтының абыройын асқақтатуды қасиетті парызы санайтын, туған жері мен халқының мүдделерін қызғыштай қорғап, ата жауына намысты қолдан бермейтін, қарияның алдын кесіп өтпейтін, кішкентай баланы маңдайынан шертпейтін, қазақтың достары сүйсініп, дұшпандары күйінетін қаншама тамаша жас ұрпақ - сегіз қырлы, бір сырлы керемет жігіттер мен бетінен ұяты төгіліп тұратын иманды қыздар тәрбиелеп өсірді.

Бүгінгі қазақ жастары пендешілік сезімдерге құл болып, жетегінде кетудің кесірінен аяулы анасы мен әкесінің және бірге туған бауырларының мүдделерін мүлде ескерусіз қалдырып, өзінің қарақан басының мүддесін асқар таудай биікке көтеріп, ерекше дәріптейді, қызғыштай қорғайды. Өзінің мүддесін қастерлеп, жүрегінің ең төріне шығарған, ал саналы әрбір азаматтың жүрегінің ең төрінен ойып тұрып орын алуы тиіс ең қасиетті ұғымдар - туған жері, сүйікті елі мен ұлтының мүдделерін жүрегінің есігінен сығалатып қойған жастар бабаларымыздан ұрпағына мирас болып қалған ұлттық рухани құндылықтарымызға қарама - қайшы және батыс мемлекеттер тынымсыз насихаттап отырған өмір сүру қағидаларынан үзілді - кесілді бас тартпаса, онда қазақтың жігіттері мен қыздары ұлттық рухы өте әлсіз, ұлттық санасы мүлде жетілмеген, туған жері мен сүйікті халқын жаудан қорғауға қабілетсіз, мәпелеп баққан аяулы ата - анасына қамқор болуға жарамсыз және адамгершілік сезімдерден мүлде жұрдай мәңгіұрт адамға айналулары әбден мүмкін.

7. Туған жеріміз бен ұлтымыздың болашағы, халқымыздың абыройы мен еліміздің мүддесі және мемлекетіміздің тәуелсіздігі - жастардың қолында. Өмірдегі ең негізгі миссиясын қазақ жастарының білмеуі және орындамауы, ең қасиетті парыздарын ұмытуы, бабалар аманатына қиянат жасауы - бұл жастардың жетінші қателігі.

Қазақ жастарының өмірдегі ең негізгі миссиясы, ең қасиетті парыздары мыналар: бірінші, текті

бабаларымыздан мұра болып қалған кең байтақ атамекеніміз, сүйікті Отанымыз, Қазақстанды жаудан қорғап, көркейту, гүлдендіру және ұрпағымыз бақытты өмір сүретін жер жаннатына айналдыру; екінші, қазақ халқының баға жетпес рухани байлығы - мемлекеттік тәуелсіздігімізді ерекше қастерлеп, көзіміздің қарашығындай сақтау және туған жерімізді, егемен елімізді ұрпақтан - ұрпаққа абыроймен табыстау; үшінші, сүйікті ана тілімізді ерекше құрметтеу, ана тілімізде жастардың көркем сөйлеу мәдениетін одан әрі дамыту, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қолдану аясын мейлінше кеңейту; төртінші, төл мәдениетімізді және ұлттық рухани құндылықтарымыз бен озық әдет - ғұрыптарымызды қалпына келтіру және дамыту, көзіміздің қарашығындай сақтап, жас буын ұрпаққа абыроймен табыстау; бесінші, қазақ деген қасиетті атаққа кір жуытпау, ұят келтірмеу, қазақ халқының абыройын асқақтату, бүкіл әлем қазақ халқын мойындайтындай керемет жетістіктерге жету; алтыншы, ұлттық озық әдет - ғұрыптарымыз бен данышпан бабаларымыздың өсиет сөздерін жастар өздерінің өмір сүру қағидалары ретінде ризашылық сезіммен пайдаланып, бұлжытпай орындау; жетінші, жалғыз отанымыз, сүйікті атамекеніміз, егемен Қазақстанның мәңгілік ел болу асқақ арманына жетуіне қомақты үлес қосу.

Адам өзінің сезімдерін уысында мықтап ұстап, нұрлы ақылына әрқашан бағындыруы тиіс, ал нұрлы ақыл қасиетті ЕРЕЖЕГЕ (морально - этические нормы поведения человека в семье, на службе и в обществе) сөзсіз бағынуға міндетті. Қазақ ұлтының мүдделері мен асыл мұраларын және ұлттық құндылықтарын абыройлы қорғауға, егемен қазақ елінің ғарыштап дамып, мәңгілік ел болуын қамтамасыз етуге бағытталған және ұлттық озық әдет -- ғұрыптарымыз бен данышпан бабаларымыздың өсиет сөздерін бұлжытпай орындауға негізделген қасиетті ЕРЕЖЕГЕ нұрлы ақылдың шын ниетпен бағындыра білу - бұл даналықтың басты белгісі және қазақ жастары мойындауы тиіс маңызды ақиқаттардың бірі. Бұл тұжырым бүкіл әлемге танымал ұлы ақын Абайдың: «Ар, ұяттың бір ақыл - күзетшісі» және «Айтқанға көңіш, уәдеде тұрғыш, бойын жаманшылықтан тез жиып алғыш, көптің соңынан итше ере бермей, адасқан көптің атының басын бұрып алуға жараған, әділетті ақыл мойындаған нәрсені, қиын да болса, мойындау, әділетті ақыл мойындамаған нәрсені, оңай да болса, мойындамау - ерлік, батырлық» - деген ұлағатты сөздеріне сүйеніп жасалды.

Ақылды жастар, аяулы ата - анасының үкілі үміттерін ақтауға, абыройы мен намысына кір жуытпай, адал еңбегімен сүйікті ұлтының бөделін биікке көтеруге, елінің көркейіп, гүлденуіне қомақты үлес қосуға жастық шақтарын арнауларына да болады. Дұрыс таңдау жасау өз қолдарыңда!

Нұрлыбай АБАТОВ,
Қостанай мемлекеттік
университетінің профессоры,
физика-математика ғылымдарының
кандидаты.

Психология мамандығына — 25 жыл!

1992 жылы Қостанай педагогикалық институтында мемлекеттік университеттің құрылуына байланысты «психология» мамандығы ашылды. Сол жылдың қыркүйегінде педагогикалық факультетінде бірінші жиын өткен болатын, деканы педагогика ғылымының кандидаты А. Марьин.

1994 жылғы қаңтар айында факультеттің деканы болып М.В.Ломоносов атындағы ММУ-дың әлеуметтік психология кафедрасы аспирантурасының түлегі, доцент Л.Саркисян тағайындалды. 1996 жылы факультетте «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша студенттерді дайындау аяқталды. Сол жылдың 20 қаңтарында педагогика факультеті психология деп аталды, яғни дербес психологиялық факультет мәртебесін иеленді. Бұл ел тарихында Қазақстан Республикасындағы алғашқы психологиялық факультет болатын.

«Психология» мамандығының негізін қалап, жұмысты бір бағытқа түсіру 1994 жылдан бастап 2000 жылға дейін жалғасты. Өйткені, дәл сол кезеңде оқу жоспары және студенттердің арнайы мамандандырылуы (әлеуметтік психология, жас және педагогикалық психология, клиникалық психология, жалпы психология) анықталған. Уақыт өте кадрлық құрамы бекітіліп, алғашқы кандидаттық диссертация қорғалды. Мамандарды дайындау мемлекеттік тілде басталды.

1996 жылдан бастап, алғашқы оқу жылының басында факультеттің деканы бірінші курс студенттері үшін психологиядан дәріс оқып, курсық және дипломдық жұмыстарын қорғау ашық оқу залында барлық студенттерді жинады. Олар ғылыми пікірталастарға қатысуға дағдыланып, жыл сайын олимпиадалар мен ғылыми конференцияларға барып тұрды.

Жалпы және арнайы психология кафедрасының оқытушылары қызметте шыңдала жүріп кәсіби маман болып қалыптасты. Атап айтқанда, профессор А.Клименко, С.Севостьянова, А.Сизоненко ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету жоспарын жасап, жоғары нәтижеге қол жеткізді. Оқу процесін бір жолға қойып, ғылыми студенттік қоғамын ұйымдастыруда пс.ғ.к



Е.Рыльская, м.е.д.ғ.к. И.Василенко, м.е.д.ғ.к. Н.Жаркова, з.ғ.к. О.Сапарин және оқытушылар: Назмутдинов Р.А. Ерекше еңбек сіңірді. Громыкин В.Н. - деканның оқу жөніндегі орынбасары, А.М. Егорычев, Оболенская Т.И., Каирова Б.Х. Лиходедова Л.Н. Маканова А.Ж. Поминова О.В. Поталашко Н. Садуақасова

А.Ж. Усембаева А. Х, Шафнер Л.А, Шаймерденов Б.С мамандықтың ашылуының басында болған.

Жалпы және арнайы психология кафедрасы әрқашан педагогикалық ғылыми зерттеулерді үйлесімді ұштастыруға, университеттегі білімнің жоғары мәніне, кеңдік пен беріктігіне және тәжірибеге негізделгеніне ұмтылыс жасады. Факультет түлектері кафедраның ұстанған бағытын жалғастыра отырып, оқытушылар ғылым бағытқа белсенді араласты. Олардың арасында Б.Аққожина, Ш.Шопагулова, А.Бисеналиева, Ж.Бекова, Ш.Кахимсеитова, Л.Ташбаева, И.Искакова, И.Пархоменко, Г.Саткангулова, Р.Жанғалиева бар.

Дәріс оқу үшін басқа да жоғары оқу орындарының және денсаулық сақтау ұйымдарының ғалымдары шақырылды. Мысалға, 1993 жылы М.В.Ломоносов атындағы ММУ-дың психология факультетінің профессоры, доктор В.Петренко, ал 1998 жылы Ярослав мемлекеттік университетінің докторы В.Козлов, 1999 жылы Екатеринбург мемлекеттік университетінің психология факультетінің оқытушысы В.Глотова шақырылды.

1997 жылдан бастап студенттер өздерінің кәсіби мүмкіндіктерін байқап көру мақсатында медицина ғылымдарының кандидаты, дәрігер-психиатр, жоғары санатты басшы И.Василенкомен бірге жұмыс істеді. «Көмек» Қостанай қорында еріктілер болып еңбек ете бастады. И.Василенконың кәсіби қолдауымен факультетте әртүрлі пікірталастар, дөңгелек үстелдер, тренингтер жүргізілді. Бұл – студенттердің психикалық және физикалық денсаулықтарын қалыптастыру, жағымсыз іс-қимыл, әдеттерге қарсы тұру үшін жасалған алдын алу шаралары болатын. Осы жылы факультетте психологтың кәсіби этикасы өзірленді.

1999 жылы облыстық радио мен телеарнада Қостанайдағы мектеп оқушылары үшін Жардың

салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған бағдарламалар жүргізіле бастады.

Жоғары курс студенттеріне арналған және мектеп түлектерін бірінші курс студенттерінің қатарына қабылдау кештері салтанатты түрде өткізілетін болды. Бұл іс-шаралардың ашылуы мен жабылуында психологтардың әнұраны айтылатын. Психология мамандығы әнұраның авторлары студенттер мен оқытушылар болды.

Есте қалған естеліктердің арасынан «Психикалық денсаулық күнін» атап өтсек. Бұл – көңілді, әзіл-қалжыңға толы, жастық пен достықтың, оқу мен ғылымның мерекесі еді. Бастамашысы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің түлегі, психология кафедрасының аға оқытушысы Н.Веремеенко болды.

Жалпы және арнайы психология кафедрасы үлкен жұмыс жүргізді, оқушылардың ғылыми қоғамдарын, ғылыми үйірмелерін ұйымдастырды. Соның арқасында ондаған жоғары сынып оқушылары ғылыми жұмыстармен айналысты (проф. Клименко А.И., проф. Саркисян Л.В., доц. Назмутдинов Р.А ғылыми жетекшілері болды).

Әдетте, оқушылардың ғылыми жұмыстарының қорытындысы қалалық және облыстық конференцияларда шығарылып, жоғары сынып оқушылары ойынының дипломанттары мен жүлдегерлері атанды. Ал кейін психология факультетінің студенттері болды.

Қостанай қаласының №17 орта мектебінде алғашқы «Жеке тұлғаның психологиясын дамытудың ғылыми зертханасы» ашылған. Онда доц. Назмутдинов Р. А., проф. Саркисян Л. В. Ғылыми әр жылдары жетекшілік жасады.

2004 жылы университеттің қайта құрылуына байланысты, «Педагогика және психология» кафедрасының жаңа құрамына педагогикалық кадрлар мен өндірідің алғашқы студенттері қабылданды. Кафедраны басқарды педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Г.Беркенова басқарды. Ал 2006 жылы профессор Л.Саркисян басқарған болатын.

Қазіргі уақытта психология кафедрасы бакалавриат және магистратура бағдарламалары бойынша мамандықтарды дайындауын жүзеге асырып жатыр. Сонымен, қатар 37 және 53 мамандық бойынша сту-

денттер мен магистранттарды мемлекеттік және орыс тілінде оқытады. Кафедра құрылымында тәжірибелік, психологиялық зертханасы, психодиагностика мен психотерапия дәрістері, инклюзивті білім орталығы, отбасы орталығы бар. Кафедра құрамында 14 оқытушы, оның 50%-ы ғылыми дәрежелі мамандар.

Кафедраның мақтанышына айналған, өз мамандығына адал, «адам және адам» жүйесіндегі жауапты жұмыстың кәсіби дайындығын қолданған түлектеріміз қаншама. Олардың 17-сі ғылым кандидаттық атағын алды. Олар И.Пархоменко, И.Искакова, Ж.Бекова, А.Усембаева, А.Валиева және т.б. Кафедра оқытушылары болып жұмыс атқаратындар: С.Жумарова, Ж.Ромашева, Г.Ибраева. Еңбек жолын осы жерден бастап, мемлекеттік қызметкер атанған біздің мақтанышымыз Б.Аккужина Қостанай қаласы әкімінің орын-

басары лауазымын абыроймен атқарып, артылған сенімді ақтап жүр. Ж.Бисембаев Қ а м ы с т ы а у д а н ы ы ң ә к і м і болса, М. Маргунов Қостанай облысы әкімдігінің еңбекті қорғауды басқару жүйесінің басқарушысы болды.

Соңғы жыл-

дары студенттер мамандықтың талабын сезе келе, өздерін кәсіби тұрғыдан белсенді дамытуда. Мамандық тарихы өткенді мақтан тұтудан тыс болашаққа нық сеніммен қарауға жол ашады.

Психология және педагогика кафедрасы «Психология» мамандығының болашағы мынадай міндеттермен тікелей байланысты:

- оқыту процесін инновациялау арқылы білім деңгейін көтеру;
- сапалы студенттердің жинағын қамтамасыз ету;
- халықаралық ынтымақтастықты нығайту;
- ғылым және білім гранттарын алуға мүмкіндік беретін жобаларға қатысу.

Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті гуманитарлық-әлеуметтік факультетінің психология және педагогика кафедрасы Қазақстанның солтүстік аймағындағы психологиялық ғылымның оқу және ғылыми орталығының жетекшісі ретіндегі рөлін күшейтеді дегенге сенгіміз келеді.



Қостанайдағы бизнес-шоу



Фотограф Асиятұба Рахым

Жуырда Қостанайдағы облыстық орыс драма театрында «Жас Атамекен» жас кәсіпкерлер клубының ұйымдастырумен екінші рет облыстық деңгейдегі "Kostanay Business Show 2017" деп аталған бизнес жәрмеңкесі өтті. Бұл іс-шара 2016 жылдың күзінде бірінші рет ұйымдастырылған еді.



Жәрмеңкеге қатысуға облысымыздың түпкір-



түпкірінен жас кәсіпкерлердің 80-нен астам өтініші келіп түскен. Тұқым дақылдарын сатушылар, кондитерлік өнімдер сатушыларымен, "HandMade", яғни, қолдан сан түрлі бұйымдар жасаушылар, туристік және жарнама агенттіктері, тіпті тұрмыстық химия, балалардың футбол академиясы, қылқалам шеберлерінің туындылары мен ағылшын тілін оқыту орталықтары қатысты.

Жәрмеңкеге келген әрбір қонақ іс-шараның



соңында белгілі болатын ұтысқа қатысып, өзімен бірге шағын сыйлықтар ала кетті. Бұнымен қызықтар бітпеді. Ұтыста жолы болғыш 10 көрермен “Жас Атамекен” жас кәсіпкерлер клубының және жәрмеңкеге қатысушыларының дайындаған сыйлықтарын ұтып алды. Облыстық әкімдік мамандарының айтулары бойынша, қазіргі таңда орта бизнестен гөрі шағын бизнестің саны артып, мүмкіндіктері де көбеюде.

Бұл бизнес-жәрмеңкені өткізген “Жас Атамекен” жас кәсіпкерлер клубы болса, жас кәсіпкерлер клубының жетекшісі және президенті Зарина

Көкжанова болды. Жәрмеңкеде “Халық таңдауы” байқауының жеңімпазы, Рудный қаласынан келген кондитер саласының шебері Ельдана Фролованың қолынан шыққан тәтті шоколадтар қонақтарды таң қалдырды. «Халық таңдауы» байқауының 2-ші орын иегері және бизнес-жәрмеңкеге екінші рет қатысқан “Derby” балалар футбол академиясы, ал 3-ші орынды кондитерлік өнімдердің сан түрлісін жасап, өздерін “Эксклюзив” деп таныстырған Қостанай Политехникалық колледжінің студенттері қанжығасына байлады.

Алты сағатқа созылған бұл жәрмеңке барысында шағын концерттік бағдарлама да ұйымдастырылып, келген әрбір қонақ флейта мен домбыра, скрибканың әуеніне мың бұралған сұлу бишілердің және қаламыздың белгілі сикыршысының өнерлеріне куә болды.

Ұйымдастырушылардың айтуы бойынша, яғни, “Жас Атамекен” жас кәсіпкерлер клубы алда 3-ші жәрмеңкені өткізу ойларында бар екенін және сол 3-ші жәрмеңкеге қатысқысы келетін жас кәсіпкерлердің өтініштері баршылық екенін айта кетті.

Нұрия БАТЫРБАЙҚЫЗЫ,
ГӘФ журналистика мамандығының 2-курс
студенті.

Суреттерді түсіргендер: Камила Атамбузова,
Диля Бұхарбаева.





Ең әдемі киіз үй

Ұлыстың ұлы күнін Қостанай шаһарының халқы биыл думандатып атап өтті. Таңмен таласа қаланың орталық алаңына ағылған жұртшылық ұлттық тағамнан дәм татып, қызықты ойын-сауықтық бағдарламаларға куә болды. Мерекеге арнап киіз үй тіккен мекемелердің арасынан А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың ұжымы көш бастап, бірінші орынға ие болды.

Оқу орнының атынан киіз үй тігіп, мәдени іс-шараны ұйымдастыруға экономикалық факультеті мен заң факультеті ерекше үлес қосты. Белсенді оқытушылар мен студенттер бірлесе киіз үйдің ішін безендіріп, дастарқан жайды. Құда күту салтын сахналауда университет оқытушылары Сейтқали Төрежанов, Гүлдана Есімхан, Гүлнар Жазықбаева берілген рольдерді шынайы сомдап шықты. Сәукеле киген қалыңдық та көрерменнің есінде қалғаны сөзсіз. Киіз үйдің келесі бір бөлігінде студенттер асық, тоғыз құмалақ сияқты ұлттық ойындарды ойнады. Осындай мазмұнды сценарий мен киіз үйдің ұлттық нақышта безендірілуі комиссияның көңілінен шықты. Жалпы есепте Ақаң атындағы оқу орнының ұжымы 1 орын алды. Әріптестерімізді жеңісімен құттықтаймыз!

-Университетіміздің шаңырағында ақ дастарқан жайылып, қазақтың ұлттық құндылықтарын дәріптейтін өнерлі жастар жиналды. Ең әдемі киіз үйді анықтау үшін құрылған комиссияның мүшелерін біз өзіміздің сценарийімізге қосып, тосын сый жасадық. Осылайша, комиссияның құрамындағылар екінші жақтың құдалары ретінде біздің іс-шарамызға қатысты. Осы аталған жұмыстарды ұйымдастыруға заң факультеті деканының орынбасары Күнсұлу Исмағұлова да қатысты, -деді экономика факультетінің тәрбие жұмысы бойынша деканының орынбасары Әсел Абдрахманова.

Суреттерде: университет ұжымы тіккен киіз үйдің ішкі көріністері.
Суреттерді түсірген Айтолқын ҚАПАН.



Құттықтаймыз!

Білікті профессор 70 жаста

А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың философия кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы, профессор Сапар Әбдіғалиұлы Қолдыбаев 70 жасқа толып отыр. Университеттің ұжымы мен студенттері мерейтой иесін құттықтап, әріптестері ақжарма тілектерін айтты.

Сапар Қолдыбаев 1947 жылғы 5 сәуірде туған. Орта мектепті аяқтаған соң, 1966 жылы Қостанай педагогикалық институтына оқуға түседі. Оқуын үздік аяқтап, аспирантура бағытында білімін жалғастырады. 1974 жылы кандидаттық диссертациясын ойдағыдай қорғап, ары қарай ізденісін жалғастыра береді. Еліміз тәуелсіздік алған жылы философия мамандығы бойынша докторлық диссертациясын қорғап, араға төрт жыл салып профессор атанады.

Сапар Әбдіғалиұлының еңбек жолы Қостанай мемлекеттік университетімен тығыз байланысты. Профессор өз қызметіне адалдығының арқасында ұжымда сыйлы болып, абыройға бөленді. Ол қызмет сатысының барлық баспалдағынан өтіп, әбден шыңдалған азамат. Қатардағы оқытушыдан бастап, кафедра меңгерушісі, декан, ғылым жөніндегі проректор, оқу жөніндегі проректор лауазымдарына дейін көтерілді. Жоғары оқу орнындағы ғылыми-педагогикалық өтілі елу жыл. Қарап тұрсаңыз, бұл аз уақыт емес.

Білікті профессор бүгінде Ақаң атындағы университетте философия кафедрасының меңгерушісі болып жұмыс істейді. Ол 200 ғылыми мақаланың авторы, соның ішінде 10-ы монографиялық жұмыс және оқу жинақтары (пособия). Ғылыми жетекші ретінде 8 ғылым кандидатын дайындады, төрт магистрлық диссертация қорғалды.

Еңбекқор профессор Сапар Әбдіғалиұлын «Жас өркен-Қостанай» журналының ұжымы да мерейтойымен құттықтайды.



РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

11000, Қостанай қаласы,
А.Байтұрсынов көшесі,
47-үй, 217 бөлме.
Медиа – студия.
Байланыс телефоны:
қалааралық
8-7142-51-11-67,

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, кері қайтармайды. Журналдың қажетті сандарын редакциядан сатып алуға болады. Бағасы келісімді. «Жас өркен-Қостанай» журналына демеушілік көрсетем деушілерге мына есеп-шотымызды ұсынамыз: РМҚК «А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университет»

ИИК KZ83856000000079688
РНН 391700052352,
БИН 990240005319
БИК KСJBKZKX
РНН банка 391700078345
БИН банка:980841000472
Кбе 16

Журнал редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп «Қостанайполиграфия» ЖШС баспаханасында басылды.

110007, Қостанай қаласы,
С.Мәуленов көшесі, 16.
Басуға 11.04.17 ж.
қол қойылды.
Көлемі 32 бет,
Офсеттік басылым.
Тапсырыс № 1372
Таралымы 500 дана.
Баспахана түпнұсқасы нашар суреттердің сапасына жауап бермейді.

Көктем-көңіл бүр жарғанда

Елубай Өмірзақов атындағы облыстық филармонияның артистері қостанайлық аруларды шұғылалы көктемнің алғашқы мерекесі 8наурыз халықаралық әйелдер күні мерекесімен құттықтап, концерттік бағдарлама ұсынды. Өнер ұжымы аталған мерекені жыл сайын атап өтуді дәстүрге айналдырған.

Көңілді концерттің шымылдығын саксафоншы Павел Латышев қазақтың халық әні «Қамажаймен» ашты. Осыдан кейін сахнаға шыққан «New Boyz» Вокал тобы «Інкәрім», «Сағыныш», «Таңым» сынды әуезді әндерді әуелете шықпал, тыңдарманға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Филармония өнерпаздарынан бөлек «Жібек дауысы» деп аталатын Вокал тобы өз өнерлерін ортаға салды. Сонымен қатар «Алтын микрофон» байқауының лауреаты Камилла Смағұлованың орындауындағы «Ана» әні ерекше сезім сыйлады. Әйелдер қауымын құттықтап келген тағы бір топ Қостанай облысының би ансамблі – «Қостанайские зоры». Мың бұралған бишілердің қимылы қиял әлеміне жетеледі.

Кештің «Көктем... шын көңілден» деп аталуының өзі қаламыздағы асыл жанды аруларымызды төл мерекелерімен шын көңілден құттықтауының бір айғағы іспеттес.

Әсел ЖАНДОСҚЫЗЫ,
ГӘФ журналистика мамандығының 3-курс студенті.



Ерланмахмұт Морайтыров



Ерланмахмұт Морайтыров - қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақыны. Ол Абай Құнандайұлының дәстүрін жалғастырушы. Абай ашқан поэтикалық мүмкіндікті өзі өмір ерпен қоғам шындығын, қайшылығын бейнелеуге еркін пайдаланған шебер. Ерланмахмұт өлеңдегі Абай өрнегін шебер пайдаланушы ғана емес, өзінің ақындық қуат-дарынымен жаңалаушы, ілгері дамытушы. Ол - қазақ халқының XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті аталатын тұмас дәуірдің айрықша ірі тұлғасы.

Ерланмахмұт Морайтыров (28.10.1893-21.5.1920) қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Ұзылханов ауданында туған. Екі жасында шешесі қайтыс болып, алты жасына дейін әжесінің тәрбиесінде болған.

Кейін әкесі екі рәймен Баянауылға көшіп, Морайтыр кентіне таяу жерге қоныстанған. Морайтыров алғаш әжесінен еекіше хат танып, 13 жасынан Мұқан, Әбдірахман, Мортай деген молдалардан дәріс алды. Өлеңге рүйр, шығыстық сюжеттер негізінде жырлар туындатқан Мұқан молда тәлімінің Морайтыровтың ақын ретінде қалыптасуына игі әсері болғанымен, баянауылдық Әбдірахман молданың (1908) қаталдығы, өлең шығарғаны үшін жас қаламгерді жазалауы оның дін мен молдалар жайлы теріс көзқарасының қалыптасуына негіз болған.

1911 жылы жаңаша оқыған Тұралы ретазының көмегімен қазақ, татар тілдеріндегі әдеби кітаптармен, газет-журналдармен танысады. 1912 жылы Троицкідегі Ахун Рахманқұли медресесіне түседі, бірақ мұнда бір жылдай оқыған ол өкпе ауруының зардабынан оқудан шығып қалады. Морайтыров енді медреседе оқуды қойып, орысша оқу іздейді, қала маңындағы елде жаз бойы бала оқытады. Осы кезден ақындыққа ден қойып, 1912 - 13 жылдар аралығында "Оқын жүйген жастарға", "Тәлімгерге" ("Мәжірімгерге"), "Ендігі беталыс", "Оқудағы мақсат не?", "Анау-мынау", "Мағынсыз нешіт", "Жарлау", "Әбейіма хат", "Мығалын тірі болсаң адам болып", "Мәсімде", "Жазғы қайғы", "Қымыз", "Кешегі төс пен бүгінгі іе", т.б. өлеңдерін, "Зарландым" атты ұзақ очеркін жазды. Осы тұста "Қалам ерлу" романын жазуды бастады.

1913 жылдың күзінде Троицкіге барып, "Айқап" журналына жауапты хатшы болып жұмысқа орналасып, "Өлең һәм айтқышылар", "Ауыр-май есілмен жаңылғаным", "Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан", "Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?" т.б. әңгіме, мақалаларын осы журналда жариялайды. Журналда аз ғана уақыт қызмет еткен ақын 1914 ж. жазда туған елі Баянауылға оралады. Ел ішінде мәдени-ағарту жұмысын жүргізетін "Моң серіктігі" деген рұйым ашпақ болғанымен, ісі күзеге аспайды. Осы жылы орысша оқу іздеп Семейге барған Морайтыров дінтеген оқуына түсс алмай, біраз дағдарысқа ұшырайды. Осындай көңіл-күйдің әсерімен "Ләнет бұқты шатырлап", "Алтыаяқ" сияқты өлеңдер жазған. "Ендігі беталыс", "Мұрмысқа", "Бір адамға", "Мұған еліне", "Сындатты ерлуға", "Қыз еріу", "Түрлүйіп", "Өмірімің уәдесі", "Жан қалқам", "Тұл", т.б. өлеңдерін, "Кім жазықты?" атты өлеңмен жазылған романын дүниеге әкелді.

1914 жылы Қазақстанда жалданып бала оқытқан ол 1916 жылдың күзіне дейін әуелі Қатонқарағайда, кейін Зайсанда болады, орыс тілін үйренеді. 1916 - 17 жылдардың қысында Момекіде орысша оқиды. Өмірден көп қажы көріп қажыған ақын арманына жетіп көңілі көтеріледі. "Мәжіріт ойы" өлеңінде "Қараңғы қазақ көгіне өрнекпен шығып көп болуды", "Мұздаған елдің жүрегін жылытуды" армандайды. Осы тұста әлем әдебиетінің классикалық рәлілерімен, саяси кітаптармен танысты.